ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

БІЛІМ БЕРУ МЕН ТЕСТІЛЕУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

2008

ББК 81.2 Қаз
Қ 17

Қ 17 **Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал.** /Астана: «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» РМҚК, 2008 – 116 бет.

ISBN 9965–853–47–9

Оқу-әдістемелік құралға қазақ тілі пәні бойынша 2007 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуде пайдаланылған тест тапсырмаларының 20 нұсқасы енгізілген. Сонымен қатар бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларының 5 нұсқасы ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құрал талапкерлердің ҰБТ мен кешенді тестілеуге дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Орта мектеп мұғалімдері тест жинағын оқу барысында оқушы білімін бақылауға пайдалана алады.

ББК 81.2 Қаз

ISBN 9965–853–47–9

© «Білім беру мен тестілеудің
мемлекеттік стандарттарының
ұлттық орталығы» РМҚК, 2008

# КІРІСПЕ

## Құрметті талапкер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға дайындалу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Қазақ тілі пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмалары қазақ тілінің даму жүйесі мен нормаларының меңгерілуін; оның қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен қызметін; тілдік материалдардың меңгеріліу дәрежесін; тілдің прагматикалық қызметінің қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі және шешендік үрдістегі рөлін меңгеруін тексереді.

Оқу-әдістемелік құралдың I бөлімі 2007 жылы ҰБТ-де пайдаланылған тест тапсырмаларының 20 нұсқасынан тұрады.

Тест тапсырмалары 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Оқу-әдістемелік құралдың II бөлімінде сіздерге танысып, өз білім деңгейлеріңізді саралау мақсатында бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тестінің 5 нұсқасын ұсынамыз.

Бір, екі немесе үш дұрыс жауабы бар тест талапкердің білімін неғұрлым толығырақ, тереңірек және нақтырақ тексеруге мүмкіндік беріп, жобалап жауап беруге шектеу қояды. Тест тапсырмалары 8 жауап нұсқасынан бір, екі немесе үш дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Бұл тест тапсырмасын бағалаудың бір түрі:

Егер де ұсынылған тест тапсырмасының барлық дұрыс жауаптары көрсетілсе, онда 2 балл беріледі, егер бір дұрыс емес жауап көрсетілсе, 1 балл шегеріледі, тағы бір дұрыс емес жауап көрсетілсе, тағы да 1 балл шегеріледі. Сонымен бағалау шкалалары - 2, 1, 0.

Екі бөлімдегі тест тапсырмалары үш қиындық деңгейіндегі сұрақтардан тұрады: А - жеңіл, В - орташа, С- қиын.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін оқу-әдістемелік құрал соңында берілген дұрыс жауап кілттерін пайдалануға болады.

2007-2008 оқу жылында ҰБТ-ге пайдаланатын тест тапсырмаларының түрі оқу-әдістемелік құралдың I бөлімінде берілген.

## Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы: Қазақ тілі** пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне арналған тест.

**2. Мақсаты:** Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау және ҰБТ өткізу.

**3. Міндеттері:** 1. Қорытынды аттестациялау барысында жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерінің қазақ тілінен білім деңгейін анықтау.

2. ҚР ЖОО-на қабылдау үшін жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерін саралау.

**4. Тест мазмұны:** Тапсырмалардың мазмұны бойынша жіктелуі сарапшылар мен әзірлемешілерден құрылған шығармашылық топтардың әзірлеп, БТМСҰО-ның бекітуімен тақырып, тақырыпшалар түрінде ұсынылады.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 9, екінші деңгейде – 10, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест тапсырмалары Мемлекеттік стандарт негізінде жасалған орта мектеп бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

| Тақырып № | Мазмұны |
|---|---|
| 1. | **Лексика** |
| 2. | **Сөздік қор.** |
| 3. | **Фонетика.** Дауысты дыбыстар |
| 4. | **Фонетика.** Дауыссыз дыбыстар |
| 5. | **Фонетика.** Буын және тасымал. |
| 6. | **Үндестік заңы.** Орфография, орфоэпия |
| 7. | **Сөзжасам.** |
| 8. | **Морфология.** Зат есім |
| 9. | **Морфология.** Сын есім |
| 10. | **Морфология.** Сан есім |
| 11. | **Морфология.** Есімдік |
| 12. | **Морфология.** Етістік |
| 13. | **Морфология.** Үстеу |
| 14. | **Морфология.** Еліктеу сөздер |
| 15. | **Морфология.** Одағай |
| 16. | **Морфология.** Шылау |
| 17. | **Синтаксис.** Сөз тіркесі |
| 18. | **Синтаксис.** Сөйлем |
| 19. | **Синтаксис.** Сөйлем мүшелері |
| 20. | **Синтаксис.** Жай сөйлем |
| 21. | **Синтаксис.** Құрмалас сөйлем |
| 22. | **Синтаксис.** Оқшау сөздер. Қаратпа сөз. Қыстырма сөз |
| 23. | **Синтаксис.** Төл сөз |
| 24. | **Пунктуация.** Тыныс белгілері |
| 25. | **Стилистика. Сөз мәдениеті,** шешендік сөз. |

**5. Тест жоспары:**

Лексика – 3 тапсырма.

Фонетика мен графика – 2 тапсырма.

Үндестік заңы – 1 тапсырма.

Сөзжасам – 2 тапсырма.
Морфология – 8 тапсырма.
Синтаксис – 7 тапсырма.
Пунктуация – 1 тапсырма.
Стилистика, сөз мәдениеті мен шешендік өнер – 1

**6. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Фонетика мен графика:** Орфографиялық және орфоэпиялық дағдылар;
**Орфоэпия мен орфография:** әдеби тіл нормалары мен орфографиялық біліктіліктері;
**Лексика:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;
**Сөзжасам:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;
**Морфология:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;
**Синтаксис:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу;
**Пунктуация:** тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары;
**Стилистика:** әдеби тілді меңгеру дәрежелері, сөйлем құрау дағдылары.

**7. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 37,5 минут.

**8. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:**

Нұсқалардың санын ҚР БҒМ анықтайды. Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 25 сұрақ.

**9. Тапсырмалар формасы:**

Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.
Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

**10. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін мектеп бітіруші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 25 балл алады.

**11. Тапсырманың апробациясы:**

Тапсырмалар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып түлектерінде апробацияланады. (Шамамен алғанда 100 адамнан тұратын 2 қалалық, 2 ауылдық мектеп).

**12. Тест нәтижелерінен күтілетін талдау:**

1. Балдардың жиынтығына орай жалпы білім беретін орта мектеп курсы үшін аттестациялық баға қойылады.
2. Сертификатқа қойылатын балл жиынтығы ҚР ЖОО-на қабылдау конкурсына қатысуға құқық береді.

Тест тапсырмалары ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынып, бекіткен оқулықтар негізінде жасалған:

| № | Оқулық | Авторы | Баспасы, жылы |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақ тілі, 5-сынып | Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова | Алматы, «Атамұра», 2005 |
| 2. | Қазақ тілі, 6-сынып | С.Исаев, К.Назарғалиева, Ж.Дәулетбекова | Алматы, «Атамұра», 2006ж |
| 4. | Қазақ тілі, 7-сынып | С.Исаев, Г.Қосымова | Алматы, «Атамұра», 2007 |
| 5. | Қазақ тілі, 8-сынып | С.Аманжолов, Ғ.Аманжолов, Г.Қосымова | Алматы: «Мектеп» 2004 ж |
| 6. | Қазақ тілі, 9-сынып | Р.Әмір, М.Атабаева | Алматы: «Мектеп» 2005 ж |
| 7. | Қазақ тілі, 10-сынып. (Жаратылыстану-математика бағыты) | Н.Оразақынова, Н.Әміреев, Н.Сапақова | Алматы: «Мектеп» 2006 ж. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Қазақ тілі, 10-сынып. (Қоғамық-гум. бағыт) | Н.Уәли, Ө.Қыдырбаев | Алматы: «Мектеп» 2006 ж. |
| 9. | Қазақ тілі, 11-сынып. (Жаратылыстану-математика бағыты) | Н.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым | Алматы: «Мектеп» 2007 ж. |
| 10. | Қазақ тілі, 11-сынып. (Қоғамық-гум. бағыт) | Ж.Дәулетбекова, Қ.Рай, Ш.Есмағамбетова | Алматы: «Мектеп» 2007 ж. |

Қазақ тілі пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал сіздерге ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға көмек береді.

Оқу-әдістемелік құралдың мазмұнын жақсарту бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Победа даңғылы 60. Веб-сайт: www.testcenter.kz, электрондық пошта: info@ncgsot.kz, info@ testcenter.kz, факс/тел: 8(7172)31-74-04.

## I бөлім

## 1-нұсқа

1. Мақалдың тақырыбын анықтаңыз.
   Білімді өлмес – қағазда аты қалар,
   Ұста өлмес – істеген заты қалар.
   A) Ерлік.
   B) Достық.
   C) Өнер-білім.
   D) Адамгершілік.
   E) Денсаулық.
2. «Әуендері» сөзіндегі дауысты дыбыс санын анықтаңыз.
   A) 4.
   B) 6.
   C) 5.
   D) 3.
   E) 2.
3. Ұяң дауыссыздардан құралған сөзді табыңыз
   A) Дауыс
   B) Қиын
   C) Жабағы
   D) Байлық
   E) Бірлік
4. Біріккен сөзді табыңыз.
   A) Шаруашылық.
   B) Итмұрын.
   C) Механикалық.
   D) Ұзынды-қысқалы.
   E) Демеуші.
5. *Тау, тас, дақыл* - сөздерін қай қатарға жатқызамыз, дұрысын белгілеңіз.
   A) Туынды.
   B) Дерексіз.
   C) Күрделі.
   D) Жалқы есім.
   E) Жалпы есім.
6. Сан есімге қандай тыныс белгісі керек, анықтаңыз.
   *Қапты 2 деп көтеріңдер.*
   A) Тире.
   B) Дефис.
   C) Үтір.
   D) Қос нүкте.
   E) Нүкте.

7. Өздік есімдігі бар тіркесті табыңыз.
   A) Шөптің басы.
   B) Ел ырысы.
   C) Өз заты.
   D) Күзгі түн.
   E) Жарық күн.
8. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысы өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.
   A) Жүр
   B) Кел
   C) Тап
   D) Сен
   E) Көр
9. Негізгі еліктеуіш сөзді табыңыз.
   A) Жарби.
   B) Дүрс.
   C) Арбаң.
   D) Ажырай.
   E) Ербең.
10. Антоним сөздерді табыңыз.
   A) Шыдам - төзім.
   B) Сәл - азғантай.
   C) Өкіну - қуану.
   D) Ренжу - рахмет.
   E) Үй іші - от басы.
11. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
   A) Серігі.
   B) Тарағы.
   C) Жазушы.
   D) Көкбай.
   E) Шегара.
12. Күшейткіш буын арқылы жасалған сөзді көрсетіңіз.
   A) Қаттырақ.
   B) Қатқылтым.
   C) Қап-қатты.
   D) Қаттылау.
   E) Қатты.
13. Себеп-салдар үстеулі тіркесті табыңыз.
   A) Алда жүреді.
   B) Бірен-саран адам.
   C) Артта келеді.
   D) Бірден келді.
   E) Босқа келді.

14. Шылауды табыңыз.
  A) Ха-ха.
  B) Ә дегенше.
  C) Қап.
  D) Және, да.
  E) Жә-жә.
15. Жанаса байланысқан пысықтауыштық қатынасты табыңыз.
  A) Жерді тыңайту.
  B) Рақаттана күлу.
  C) Жастардың жігері.
  D) Ағаш отырғызу.
  E) Мәдени жаңалық.
16. Бірыңғай мүшені анықтаңыз.
  *Биылғы қыстың басы адамға да, малға да әзір аса жайлы боп тұр.*
  A) Пысықтауыш.
  B) Анықтауыш.
  C) Толықтауыш.
  D) Баяндауыш.
  E) Бастауыш.
17. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемді табыңыз.
  A) Қазан астының аузында от кейде жылтылдайды, кейде қызып-жанып лапылдайды.
  B) Есейген кезде еске аларсың
  C) Сабақты түсіндіргенде, дұрыс тыңдай білу - мәдениеттілік.
  D) Жаңа жұмысшыларға қатерсіздігін ұғындырмайынша, шахтаға жіберуге тыйым салған.
  E) Мұзданып жатқан қыртыстың тереңдігі метрге жақын екен.
18. Бірыңғай қыстырма сөздер қатарын көрсетіңіз.
  A) Амал қанша, әрине.
  B) Пай-пай, ой.
  C) Жаңылмасам, уа.
  D) Біріншіден, шіркін-ай.
  E) Қарағым-ау, қап.
19. Драмалық шығармалардағы кейіпкерлердің аты-жөндерінен кейін қойылатын белгіні табыңыз.
  A) Нүктелі үтір.
  B) Қос нүкте.
  C) Нүкте.
  D) Жақша.
  E) Көп нүкте.

20. Сөйлемдерден омоним сөздерді табыңыз.
    A) Бүгін кеш ояндық. Бүгін емтихан болады.
    B) Көктем ерте шықты. Ол көктемде ауылына барады.
    C) Театрға жастар көп келді.
    D) Менің басым ауырды. Бас ауырса, дәрі ішу керек.
    E) Кеш көңілді өтті. Қателегімді кеш.
21. Қайталану арқылы есімдер тобынан жасалған күрделі сөзді көрсетіңіз.
    A) Сен үшін дала бұлбұлы сұлу әнін сайраған.
    B) Шығанақ сөзі ауыздан-ауызға тарады.
    C) Төбеден түскен түнек жаудың үрейін ұшырды.
    D) Бір хабар аяқ астынан дүңк ете қалды.
    E) Ұрып-соғумен мәселе шешілмейді.
22. ''Ашуланды'' деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркесті көрсетіңіз.
    A) Бұлқан - талқан болды.
    B) Салы суға кетті.
    C) Бетінен оты шықты.
    D) Аузының суы құрыды.
    E) Іші-бауыры елжіреді.
23. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
    A) Асан ұйықтап қалды.
    B) Ермек өте жақсы оқиды.
    C) Досанның тауға қайтадан барғысы келді.
    D) Бұларыңыз бүлдіршіндерге үлкен сыйлық.
    E) Ауылдың малы балалап, айран шықты аз-көпті.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
    A) "Ай, ана, бала үшін сенен ардақты, сенен қымбат кім бар": дедім ішімнен.
    B) "Ай ана бала үшін сенен ардақты сенен қымбат кім бар?", дедім ішімнен.
    C) "Ай, ана, бала үшін сенен ардақты, сенен қымбат кім бар?"- дедім ішімнен.
    D) "Ай, ана, бала үшін сенен ардақты, сенен қымбат кім бар"- дедім ішімнен.
    E) "Ай, ана, бала үшін сенен ардақты, сенен қымбат кім бар"; дедім ішімнен.
25. Жалпыға ортақ, біріздiлік талабына тән қатарды белгілеңіз.
    A) Ауызекі тіл.
    B) Газет - журнал тілі.
    C) Халықтық тіл.
    D) Радио тілі.
    E) Әдеби тіл.

## 2-нұсқа

1. Омоним болатын сөз қайсысы, табыңыз.
   A) Гимназия.
   B) Қою.
   C) Жақсылық.
   D) Екіден бір.
   E) Мұсылман.
2. "У" дыбысы жіңішке болып келген сөзді анықтаңыз.
   A) Жуынды.
   B) Қоюлану.
   C) Куәлік.
   D) Жазушы.
   E) Даярлану.
3. Ұяңнан басталып, ұяңға аяқталған сөзді табыңыз.
   A) Бір.
   B) Жүз.
   C) Сегіз.
   D) Тоғыз.
   E) Төрт.
4. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.
   A) Қамқоршы.
   B) Әкеміз.
   C) Жақсысың.
   D) Қасында.
   E) Ауылда.
5. Жалпы есімді табыңыз.
   A) Көл.
   B) Ұлмекен.
   C) Жанар.
   D) Жасыбай.
   E) Айман.
6. Сапалық сын есімді табыңыз.
   A) Малды ауыл.
   B) Сүтті сиыр.
   C) Еріншек бала.
   D) Үлкен үй.
   E) Түнгі аспан.
7. Пысықтауыш қызметінде тұрған сан есімді табыңыз.
   A) Бүгін үш үйірменің жұмысы болмайды.
   B) Шексіз жазық басталды.
   C) Ертең жарыс басталады.
   D) Сабақ сегіз жарымда басталады.
   E) Оларға екі рет жәрдемақы берілді.

8. Сілтеу есімдігін табыңыз.
   A) Біреу.
   B) Мынау.
   C) Менен.
   D) Ештеңе.
   E) Күллі.
9. Етістіктің сұрақтарын табыңыз.
   A) Не істеді? Қайтті?
   B) Кім? Не?
   C) Қашан? Қайда?
   D) Қанша? Неше?
   E) Неше? Нешінші?
10. Ауыспалы мағынаны көрсетіңіз.
   A) Ұйықташы, жаным, алтыным.
   B) Әр ақылымның бағасы – мың алтын динар.
   C) Ол алтын алқа сатып алды.
   D) Алтын-пайдалы қазба.
   E) Алтын теңге шығарылды.
11. Сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды белгілеңіз.
   A) Қызыл күрең таңқурай.
   B) Әнім – арманым.
   C) Ер шекіспей, бекіспейді.
   D) Адамдық белгісі – сәлемдесуде.
   E) Тал бесікте тербелген.
12. Мақсат үстеуі қандай сұраққа жауап береді, табыңыз.
   A) Қашан? неше?
   B) Қалай? не мақсатпен?
   C) Кімше? қалайша?
   D) Қалай? қайтіп?
   E) Қанша? қаншама?
13. "Әрі", "гөрі", "соң " шылаулары алдындағы сөз қай септікте тұрады, дұрысын белгілеңіз.
   A) Ілік.
   B) Табыс.
   C) Атау.
   D) Барыс.
   E) Шығыс.
14. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін табыңыз.
   A) Ерте тұру.
   B) Тебеген ат.
   C) Сауықшыл жігіт.
   D) Бұйымдарды сату.
   E) Шаруақор адам.

15. *Айылын жимау.* Тіркестің түрін ажыратыңыз.
    A) Матасу.
    B) Қабысу.
    C) Жанасу.
    D) Тұрақты тіркес.
    E) Қиысу.
16. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
    A) Кәкітай да, Дәрмен, де ұзақ хаттар жазды.
    B) Кәкітай да Дәрмен де, ұзақ хаттар жазды.
    C) Кәкітай да, Дәрмен де ұзақ хаттар жазды.
    D) Кәкітай да, Дәрмен де, ұзақ хаттар жазды.
    E) Кәкітай, да Дәрмен, де ұзақ хаттар жазды.
17. Құрмалас сөйлемді табыңыз.
    A) Ауылдарыңнан не хабар бар?
    B) Асқар белгілі мерзімде тұрды.
    C) Байжан Самарқанға қарап еді, кескіні ыңғайсыздау екен.
    D) Ертең күн жылы болады.
    E) Жабай жауап қайтара алмады.
18. Қыстырма сөзді табыңыз.
    A) Oh, дүние жалған-ай!
    B) Мә-ә-ә, онысы не?
    C) Тоқтай тұр, бәлем!
    D) Несін айтасың, біздің бақытымызға орай берілген жан ғой.
    E) Күнім-ау, жұлдызың жанайын деп тұр-ау.
19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған жерді көрсетіңіз.
    A) Сенің ана тілің – шексіз бай, тегеурінді мықты тіл, қымбатты балам!
    B) Сенің ана тілің шексіз бай, тегеурінді мықты тіл, қымбатты балам.
    C) ''Сенің ана тілің: шексіз бай, тегеурінді мықты тіл, қымбатты балам!''.
    D) Сенің ана тілің – шексіз бай, тегеурінді мықты тіл қымбатты, балам!
    E) – Сенің ана тілің – шексіз бай, тегеурінді мықты тіл, қымбатты, балам!
20. Антонимді табыңыз.
    A) Нәтижелі - жемісті.
    B) Соқтығыс - қақтығыс.
    C) Маңдай алды - бетке ұстар.
    D) Жоламау - жуымау.
    E) Жомарт - сараң.
21. Тәуелдік жалғауындағы сөз тіркесін ажыратыңыз.
    A) Білім алдым.
    B) Кінәлі адам.
    C) Кінәсі ашылды.
    D) Бітім жасасу.
    E) Адамнан біл.

22. Сөйлемдегі еліктеу сөздер қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын белгілеңіз.
*Тасыр-тұсыр дауыстан селк етіп, орнынан атып тұрды.*
A) Анықтауыш, баяндауыш.
B) Баяндауыш, анықтауыш.
C) Бастауыш, баяндауыш.
D) Пысықтауыш, бастауыш.
E) Толықтауыш, пысықтауыш.

23. Бастауышы жоқ сөйлемді табыңыз.
A) Жақты сөйлем.
B) Толымды сөйем.
C) Атаулы сөйлем.
D) Жақсыз сөйлем.
E) Жалаң сөйлем.

24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
A) "Бұл өмірімнің бір ұмытылмас шағы", деді Алма.
B) "Бұл – өмірімнің бір ұмытылмас шағы",- деді Алма.
C) " Бұл өмірімнің бір ұмытылмас шағы": деді Алма.
D) - Бұл өмірімнің бір ұмытылмас шағы, деді Алма.
E) "Бұл өмірімнің - бір ұмытылмас шағы"- деді Алма.

25. Соңғы жылдары шешендік сөздерді жинап, зерттеп, танытуға үлес қосқан ғалымды табыңыз.
A) Ә.Кекілбаев.
B) С.Сейфуллин.
C) М.Жұмабаев.
D) А.Байтұрсынов.
E) Б.Адамбаев.

## 3-нұсқа

1. Антонимдерді көрсетіңіз.
   A) Оңай, қиын.
   B) Түзу, тура.
   C) Арамтамақ, жалқау.
   D) Жіңішке, ұзын.
   E) Аштық, аш.
2. Бірыңғай жуан дауыстылар қатарын табыңыз.
   A) А, о, ө.
   B) И, і, ү.
   C) Ә, ө, о.
   D) Ұ, ү, у.
   E) А, ы, ұ.
3. Қатаң дауыссыз дыбысты көрсетіңіз.
   A) Ш,п,х,ц.
   B) Х,к,с,ғ.
   C) Т,с,м,һ.
   D) Ф,к,қ,ж.
   E) Ү,с,л,й.
4. Туынды сөз тіл білімінің қай саласына жататынын анықтаңыз.
   A) Фонетика
   B) Морфология
   C) Лексика
   D) Синтаксис
   E) Пунктуация
5. Бас әріппен жазылмайтын орынды көрсетіңіз.
   A) Қазақ, Орыс, Румын.
   B) Япырай, мынау Тоғжан ғой!
   C) Үш жылы Астанада өтті.
   D) Бөрібасар, Тайбурыл.
   E) Қазақстан Республикасы.
6. Сын есімі бар сөйлемді табыңыз.
   A) Бала тілі – бал.
   B) Еңбек ер атандырады.
   C) Балалы үй – базар.
   D) Ұрлық түбі қорлық.
   E) Оқу – білім бұлағы.
7. Белгісіздік есімдігін табыңыз.
   A) Күллі.
   B) Біреу.
   C) Бәрі.
   D) Бәріміз.
   E) Барша.

8. Күрделі сөзді көрсетіңіз.
   A) Жүріп келе жатыр еді.
   B) Сары уайымға салынды.
   C) Тіс жармады.
   D) Таза киім.
   E) Қабырғанмен кеңес.
9. Жекіру одағайын көрсетіңіз.
   A) Дейін.
   B) Тек.
   C) Ой.
   D) Бәсе.
   E) Соң.
10. Омоним бола алмайтын сөзді көрсетіңіз.
   A) Жұт.
   B) Мін.
   C) Ара.
   D) Найза.
   E) Қаралы.
11. Біріккен сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды табыңыз.
   A) Көркем әдебиет.
   B) Қайсыбір.
   C) Ақсүйек.
   D) Болатбек.
   E) Керім сұлу.
12. Мекен үстеуді табыңыз.
   A) Әжептәуір.
   B) Кенеттен.
   C) Әрмен.
   D) Анағұрлым.
   E) Амалсыздан.
13. Демеулік шылауды көрсетіңіз.
   A) Арманы көп, сондықтан орындалмай қалуынан қорқады.
   B) Уа, Жиренше, ана қаңбақ қайдан келеді?
   C) А, Қарлыға, қашпаймын, Қайратым бар деп таспаймын.
   D) Алдану мен қиянат оны кек жолына итерді.
   E) Халимаш-ау, қандай ойың бар?
14. Меңгеріле байланысқан сөздерді табыңыз.
   A) Оның қарындасы.
   B) Аттылар келді.
   C) Ар-намыс.
   D) Ұлытаудың бөктері.
   E) Алдына отырды.

15. Тұрақты сөз тіркесін көрсетіңіз.
   A) Айылын жимау.
   B) Қызыға қарау.
   C) Бес қару.
   D) Кешікпей келу.
   E) Ерігу-еріну.
16. Кімі? Несі? Қайсысы? сұрақтары көбінесе қай сөйлем мүшесіне тән екенін белгілеңіз.
   A) Бастауыш.
   B) Пысықтауыш.
   C) Баяндауыш.
   D) Анықтауыш.
   E) Толықтауыш.
17. Аралас құрмалас сөйлемнің схемасын көрсетіңіз.
   Бұларды кіргізіп жіберіп, Абай енді үйге қарай қозғалайын деп еді, үй ішінен тағы бір нәрсемен қарбаласып, Қаратай шығып келеді екен.
   A) басыңқы, бағыныңқы, басыңқы
   B) бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы
   C) бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы
   D) басыңқы, бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы
   E) бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы
18. Қыстырма сөз мағынасын анықтаңыз.
   *Мүмкін, жас шағын еске алған шығар.*
   A) Ой реті.
   B) Адам көзқарасы.
   C) Қорытындылау.
   D) Сендіру.
   E) Сенер-сенбестік.
19. Қандай тыныс белгісі жетпей тұрғанын белгілеңіз.
   *Дайындалып келдім, айта алмадым.*
   A) Көп нүкте.
   B) Нүктелі үтір.
   C) Дефис.
   D) Сызықша.
   E) Қос нүкте.
20. Ауыспалы мағыналы сөзі бар қатарды табыңыз.
   A) Көл болды қан аралас көздің жасы.
   B) Әйел, еркек, бала-шаға аралас отыр.
   C) Жастыққа тауық пен үйрек мамығы аралас салынады.
   D) Абай ел ісіне араласқанда жас еді.
   E) Бидай мен арпа араласып кетті.

21. Буын үндестігіне бағынбайтын жалғау қатарын белгілеңіз.
A) -мен, -бен, -пен
B) -нікі, -дікі, -тікі
C) -хана, -и
D) -паз, -қой, -қор
E) -лар, -лер, -дар, дер

22. Сөйлемдегі еліктеуіш сөздер қай топқа жататынын белгілеңіз.
*Әйгерім жүрісін кілт догарып, жалт қарады.*
A) Екеуі де дыбыстық еліктеуіш сөздер.
B) Сөйлемде еліктеуіш сөздер кездеспейді.
C) Біріншісі дыбыстық, екіншісі бейнелеуіш.
D) Екеуі де бейнелеуіш еліктеуіш сөздер.
E) Біріншісі бейнелеуіш, екіншісі дыбыстық.

23. Сөйлем түрін анықтаңыз.
*Қылшық жүнді қыл құйрықты қойдан басқаны Бексұлтан ағайдың білгісі келмейді.*
A) Атаулы.
B) Жақты.
C) Жақсыз.
D) Толымсыз.
E) Жалаң.

24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
A) Тәж-Махал – үнді жерінің мақтанышы.
B) ''Волгамның''бары бар, бірақ ескі.
C) ''Ақ Жайық'' пен ''Көп жылдар өткен соң'' шығармалары кімдікі?
D) Ақсақал: ''Сен өзің сезімтал екенсің'',- деді.
E) Бала өзінің бармайтындығын айтты.

25. Жазба әдеби тілдің тілдік құралдарын (лексикасын) табыңыз.
A) Ауызекі сөйлеу лексикасы.
B) Дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздердің көп қолданылуы.
C) Сөздердің мағыналы, көркем үлгілерін сұрыптап, еркін қолдануы.
D) Қарапайым, дөрекі сөздердің қолданылуы.
E) Диалект сөздердің мол қолданылуы.

# 4-нұсқа

1. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
   A) Шашымыз да ағарыпты.
   B) Таң ағарғанша ояу отырдық.
   C) Күмбез төбесі ағарып тұр.
   D) Таң бозарып ағарды.
   E) Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып шығады:
2. Еріндік дауыстылар қатарын толықтырыңыз:Ұ, ү, ұ, о, ...
   A) Ы.
   B) И.
   C) Е.
   D) Ө.
   E) А.
3. Қатаң дыбысты ұяңға айналдыратын қосымшаны белгілеңіз.
   A) Тәуелдік жалғауы.
   B) Көптік жалғауы.
   C) Септік жалғауы.
   D) Шырай жұрнағы.
   E) Жіктік жалғауы.
4. Тәуелдік жалғауының 1-жағында тұрған сөзді табыңыз.
   A) Орманның іші.
   B) Тілім барда, халқым бар.
   C) Біздің жатақхана.
   D) Сәуленің кітабы.
   E) Оның қаламы.
5. Емле бойынша дұрыс жазылған күрделі жалқы есімді табыңыз.
   A) «Қыз жібек» фильмі.
   B) «қыз жібек» фильмі.
   C) «Қыз Жібек» фильмі.
   D) тянь-шянь тауы.
   E) «қыз Жібек» фильмі.
6. Салыстырмалы шырайды табыңыз.
   A) Мынау қып-қызыл ғой.
   B) Күн өте ыстық болып тұр.
   C) Ол жылы үйде тұрады.
   D) Ол тым үлкен.
   E) Бұл бөлме үлкенірек, кеңірек екен.
7. Септеліп тұрған жіктеу есімдігін табыңыз.
   A) Сенде.
   B) Осында.
   C) Сенсің.
   D) Үсенде.
   E) Анда.

8. *-ар, -ер, -р* тұлғалы етістіктің түрін белгілеңіз.
   A) Қалау рай.
   B) Етіс.
   C) Көсемше.
   D) Есімше.
   E) Тұйық етістік.
9. Сөйлем мүшесі болмайтын одағай сөздің мағынасын анықтаңыз.
   *Бүгінгі дос - ертең жау, мен не қылдым, япырмау?!*
   A) Шақыру.
   B) Қуану.
   C) Шаттану.
   D) Аяу.
   E) Қапалану.
10. Омоним қатысқан қатарды белгілеңіз.
   A) Өзеннің басында отырып, кітаптың басын оқыдым.
   B) Сонау бақша ішінен табылармын.
   C) Байланыс, қарым-қатынас дамып келеді.
   D) Сен тотықұс бақта жүрген, ал мен қойшы мал баққан.
   E) Балаға тең көрінер бай мен кедей.
11. Буын үндестігіне бағынбай тұрған қосымшалы сөзді көрсетіңіз.
   A) Арбасын.
   B) Арбаға.
   C) Арбалы.
   D) Арбада.
   E) Арбакеш.
12. Үстеу мағынасына қарай неше түрге бөлінетінін табыңыз.
   A) 7.
   B) 5.
   C) 3.
   D) 6.
   E) 4.
13. Шылауды табыңыз.
   A) Шыдай алмай Құртқа қыз және де ашты есікті.
   B) Еш уақытта Асқарды іздемейді.
   C) Бүгін алай-түлей боран соқты.
   D) Неғұрлым ерте тұрсаң, соғұрлым жұмысың өнеді.
   E) Үйге қайтатын күнім – ертең.
14. Етістікті сөз тіркесін анықтаңыз.
   A) Көлдің сәні.
   B) Сол жақ тізе.
   C) Бір уыс.
   D) Көйлек кию.
   E) Елуге тарта.

15. Еркін сөз тіркесін табыңыз.
A) Төбе шашы тік тұрды.
B) Әдемі табиғат.
C) Ойлы.
D) Көзді ашып-жұмғанша.
E) Қой аузынан шөп алмас.
16. Бұйрықты сөйлемді табыңыз.
A) Мұны есіркейтін тірі жан бар ма, сірә да!
B) Сөйлемегенде қайтем!
C) - Қойшы, қарағым, әурелемеші, тек емеуріңді білдір!
D) Осыны кеше айтуың керек еді ғой!
E) Әттең-ай... Қабырғасы қайысса!
17. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
A) Қар суы, жаңбыр суы – соның ырысы.
B) Кенжебек бүгін шахтадан әбден шаршап шыққандықтан, астан кейін жатып демалды.
C) Біреу күн шықпастан тұрып, тау жақтан желдіріп келеді.
D) Бір ұстасып қалсам деп, күшіңді байқап шенейсің.
E) Жаңа ғана талып қалғандай, Әбіш ешбір белгі бермей сұлқ жатты.
18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қыстырма сөзді табыңыз.
A) Егіннің өсуі - расында ғажап екен.
B) Егіннің өсуі – расында, ғажап екен.
C) Егіннің өсуі, расында, ғажап екен.
D) Егіннің өсуі: расында ғажап екен.
E) Егіннің өсуі; расында ғажап екен.
19. Салаласқа енген жай сөйлемдер "бірақ", "өйткені", "сондықтан", "дегенмен", "алайда" деген жалғаулықтармен келгенде қойылатын тыныс белгісін табыңыз.
A) Жалғаулықтардан бұрын сызықша.
B) Еш нәрсе қойылмайды.
C) Жалғаулықтардан кейін үтір.
D) Жалғаулықтардан бұрын үтір.
E) Жалғаулықтардан соң үтір, сызықша.
20. Ұсталық кәсіпке қатысты сөзді табыңыз.
A) Мәсі, кебіс.
B) Алдаспан, қалқан.
C) Өрмек, ұршық.
D) Жүген, кісен.
E) Көрік, балға.
21. Туынды түбір жасайтын бөлшекті табыңыз.
A) Жұрнақ
B) Көптік жалғауы
C) Жалғау
D) Қосымша
E) Тәуелдік жалғауы

22. Бейнелеуіш сөзді көрсетіңіз.
A) Ала жаздай.
B) Он бес.
C) Көкпеңбек.
D) Үлкен-кіші.
E) Жалт қарады.
23. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
A) Өмір қызық.
B) Өмір гүлденді.
C) Жазық дала.
D) Зал кең.
E) Дала жазық.
24. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасқан түрін табыңыз.
A) Құнанбай оларға мынаны айтты: "Бөкенші Шыңғыстың бұл тұсындағы бар қыстауды береді"
B) "Менің ойлайтыным – бәрінен бұрын өз жұмысымның жайы,- деп жазды Хемингуэй,- содан соң семьямның қамы".
C) Тіл жөнінде Ғ. Мұстафин: "Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы - ой",- дейді.
D) Ол Сүйіндікке қарап: "Тоқтат, аналарыңды!"-деп ақырып қалды.
E) "Өркенің өссін, қарағым",- деді әкем.
25. Коммуникативтік және экспрессивті эстетикалық сөздер - қай қатарға тән, табыңыз.
A) Әдеби тіл.
B) Тарих.
C) Математика.
D) Биология.
E) Табиғаттану.

# 5-нұсқа

1. Көп мағынаға ие бола алатын сөзді табыңыз.
   *Иненің көзінен жіпті өткізе алмадым.*
   A) Көзінен
   B) Иненің
   C) Алмадым
   D) Өткізе
   E) Жіпті
2. Бірыңғай езулік дауыстылары бар сөзді ажыратыңыз.
   A) Пионер.
   B) Жолбарыс.
   C) Көз.
   D) Турник.
   E) Қыран.
3. Дауыссыз дыбысқа жататын қатарды анықтаңыз.
   A) Қысаң дыбыс.
   B) Ұяң дыбыс.
   C) Еріндік дыбыс.
   D) Езулік дыбыс.
   E) Жуан дыбыс.
4. Күрделі сөзді табыңыз.
   A) Бақташылық.
   B) Күркілдек.
   C) Парасат.
   D) Ақмола.
   E) Толқымалы.
5. Сөздердегі жалпы есімді табыңыз.
   A) Қапшағай.
   B) Адам.
   C) "Ақтөс".
   D) Балқаш.
   E) "Береке" совхозы.
6. Күшейтпелі шырайлы сын есімді табыңыз.
   A) Зор денсаулық.
   B) Ақшыл көйлек.
   C) Жақындау.
   D) Жап-жақсы әңгіме.
   E) Пысықтау бала.

7. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз.
   A) Жүздеген, оншақты.
   B) Оннан бес, екіден бір.
   C) Мұным, менің.
   D) Екеуі, қырық бес.
   E) Отыздай, екінші.
8. Өздік есімдігін табыңыз.
   A) Бәріміз.
   B) Қалайша.
   C) Өзіміз.
   D) Досымыз.
   E) Ондаған.
9. Өзгелік етіс болып тұрған сөзді табыңыз.
   A) Келер, бітірер.
   B) Саған, сенімсіз.
   C) Келді, оқыды.
   D) Оқыттыр, жазғыз.
   E) Теріс, жинас.
10. Омоним бола алмайтын сөзді көрсетіңіз.
   A) Табыс.
   B) Достық.
   C) Қаз.
   D) Кіріс.
   E) Сыр.
11. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны табыңыз.
   A) - ның, -нің.
   B) - нда, -нде.
   C) - кер, -гер.
   D) - ың, -ің, -ң.
   E) - ны, -ні, -н.
12. Мезгіл үстеуін табыңыз.
   A) Түс-түсында.
   B) Әдейі.
   C) Әбден.
   D) Осыншама.
   E) Ежелден.

13. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Сен оның көзіне көрінбе.
   B) Сен үйде қаласың ба, әлде киноға барасың ба?
   C) Түу, өткен істі сөз қылмашы.
   D) Рас, бұл дұрыс айтады, қателік жоқ.
   E) Еңбекпен тапқан бір теңге қымбат.
14. Қиыса байланысып тұрған тіркесті табыңыз.
   A) Мен сөйлеймін.
   B) Алтын сағат.
   C) Қызық әңгіме.
   D) Асанның кітабы.
   E) Ауылға бару.
15. Сөз тіркесіндегі фразеологизмді табыңыз.
   A) Тісін қайрау.
   B) Тіс салу.
   C) Алысқа кету.
   D) Тісті тазарту.
   E) Тісті жұлу.
16. Қосарлы айқындауышты көрсетіңіз.
   A) Сұлу қыз.
   B) Жата-жастана.
   C) Әп-әдемі.
   D) Темір күрек.
   E) Әйел-ана.
17. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.
   A) Қоңырау соғылып еді, оқушылар да орындарынан тұрды.
   B) Әйгерім әнін үзгенше, Абай қозғалмады.
   C) Ауа райы салқындағанмен, ел жайлаудан түсе қоймады.
   D) Ақыл айтсаң, тыңдар құлаққа айт.
   E) Әні өте әдемі еді.
18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
   A) Естіп, тұрсың ба Сұлтеке, мына, баланың, сөзін.
   B) Естіп тұрсың ба, Сұлтеке мына баланың сөзін.
   C) Естіп тұрсың ба, Сұлтеке, мына баланың сөзін?
   D) Естіп тұрсың ба Сұлтеке, мына баланың сөзін.
   E) Естіп тұрсың ба - Сұлтеке - мына баланың сөзін.

19. Қай жерде сызықша дұрыс қойылғанын белгілеңіз.
    A) Мойынты Шу- темір жолы.
    B) Мойынты-Шу-темір-жолы.
    C) Мойынты-Шу темір жолы.
    D) Мойынты Шу темір жолы.
    E) Мойынты Шу темір-жолы.
20. Мәтелді ажыратыңыз.
    A) Ердің атын еңбек шығарар.
    B) Бірлік болмай, тірлік болмас.
    C) Бірлігі күшті ел озады.
    D) Өжет адам өлімді жеңеді.
    E) Соқыр тауыққа бәрі бидай.
21. Бір түбірдің әр түрлі қосымшада тұрып қайталануын көрсетіңіз.
    A) Жүзбе-жүз.
    B) Ат-мат.
    C) Барар-бармасымды.
    D) Өз-өзінен.
    E) Тау-тау.
22. Негізгі еліктеу сөзді көрсетіңіз.
    A) Быжың.
    B) Сымпың.
    C) Торсаң.
    D) Шіңк.
    E) Кілтің.
23. Жай сөйлем түрін анықтаңыз.
    Марат ағай кеңес беріп отырады.
    A) Атаулы сөйлем.
    B) Жайылма сөйлем.
    C) Жақсыз сөйлем.
    D) Жалаң сөйлем.
    E) Құрмалас сөйлем.
24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
    A) Розаның ''Әлиясын''бүкіл қазақ сүйіп тыңдайды.
    B) ''Шұға айныса, амалым жоқ,''- деді Әбдірахман.
    C) Өлеңдері ''Жас Алашта'' жарияланды.
    D) Естігенді ұмытпас үшін не істеу керектігі айтылды.
    E) Апасының ''кішкенесі''- 20 жаста.

25. "Рецензия" - қай елдің сөзі екенін анықтаңыз.
   A) Латын.
   B) Қазақ.
   C) Араб.
   D) Парсы.
   E) Иран.

## 6-нұсқа

1. "Емтихан"сөзінің қай тілден енгенін айтыңыз.
   A) Неміс.
   B) Орыс.
   C) Грек.
   D) Түрік.
   E) Араб.
2. Бірыңғай жіңішке дауыстылар қатысқан сөзді белгілеңіз.
   A) Сұрақ.
   B) Тұрақты.
   C) Түбіртек.
   D) Оқымысты.
   E) Жауап.
3. Ұяң дауыссыздан басталған қосымшалар қатарын белгілеңіз.
   A) Аналар, әкелер, карттар.
   B) Балажан, қамқоршы, әжелер.
   C) Қыздар, жағада, жүрген.
   D) Кітапты, әкелген, інісі.
   E) Жігіттер, допты, әкелді.
4. Жіктік жалғаудағы II жақ, көпше түрде тұрған сөзді табыңыз.
   A) Барасыз.
   B) Барады.
   C) Барамыз.
   D) Барасыңдар.
   E) Баруға.
5. Деректі зат есімді табыңыз.
   A) Мектеп.
   B) Ақыл.
   C) Сезім.
   D) Ой.
   E) Реніш.
6. Салыстырмалы шырайды табыңыз.
   A) Өте қымбат екен.
   B) Көшеде сұлу ғимараттар көп.
   C) Сенікінен гөрі онікі қымбаттау.
   D) Жолдасыңа адал бол.
   E) Салт - дәстүріңді жаңғырт.
7. Дара сан есімді көрсетіңіз.
   A) Жеті, екі.
   B) Ақ, тарғыл.
   C) Үштен бір.
   D) Он сегіз.
   E) Отыз-қырық.

8. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз.
   A) Еш нәрсе.
   B) Санау.
   C) Кейбіреу.
   D) Үшеу.
   E) Сонау.
9. Бұйрық райлы етістікті табыңыз.
   A) Бұзайық.
   B) Бұзылмайды.
   C) Бұзатын.
   D) Бұзылады.
   E) Бұзады.
10. Синоним сөзі бар мақалды табыңыз.
   A) Бет көрсе, жүз ұялады.
   B) Талаптыға нұр жауар.
   C) Істеу қиын, сынау оңай.
   D) Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды.
   E) Көз қорқақ, қол батыр.
11. Сөз ішіндегі кейінді ықпалды белгілеңіз.
   A) Бала – бауыр ет.
   B) Жастығым – от шағым.
   C) Жаманның жаны тәтті.
   D) Ғалым ауыр ойда.
   E) Ел ертеңі жарқын.
12. Мақсат үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
   A) Түні бойы көз ілмеу.
   B) Мүлдем ұмыту.
   C) Ұшқары ойлау.
   D) Әдейілеп келу.
   E) Ендігәрі келме.
13. Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулық шылауды табыңыз.
   A) Әрі
   B) Немесе
   C) Егер
   D) Сонда да
   E) Біресе
14. Шылау арқылы байланысқан сөз тіркесті табыңыз.
   A) Жібек – сауыншы.
   B) Тәтемнің көйлегі.
   C) Ағама хат.
   D) Алтын сақина.
   E) Абай тәрізді сөйлейді.

15. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
A) Аузын ашты.
B) Аралас құрмалас.
C) Ақ шағала.
D) Ат төбеліндей.
E) Ыстық леп.
16. Дара бастауышы бар сөйлемді табыңыз.
A) Партия жоспары - халық жоспары.
B) Ертең канал қазу жұмысы басталады.
C) Оспанов Асылбек өз ісін жақсы біледі.
D) Елу алты – сенің ұпайың.
E) Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.
17. Мына сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышының сұрауы қалай, белгілеңіз.
*Ағасына көзінің астымен қарап, таңырайған шолақ танауымен шуылдай дем алып тұр.*
A) Қашан?
B) Қалайша?
C) Неге?
D) Қайтіп?
E) Не үшін?
18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
A) Рас-ау - Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?
B) Рас-ау, Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?
C) Рас-ау, Абай аға - тағы бір байқағанымды айтайын ба?
D) Рас-ау Абай аға, тағы бір - байқағанымды айтайын ба?
E) Рас-ау Абай аға, тағы бір байқағанымды айтайын ба?
19. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
A) Қиыншылықты жеңу үшін жігер керек.
B) Ол даусын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты.
C) Арғын, Найман, Керей, Уақ – төрт арыс бас қосыппыз.
D) Өнер алды – қызыл тіл.
E) – Е, біз қайда кетеміз?! – деп, Жетпіс күйіп кетті.
20. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді көрсетіңіз.
A) Олар үйін үлкейтіп салуда.
B) Дәрежесі үлкейген екен.
C) Қарны үлкейді, қампиды.
D) Атамның жасы үлкейді.
E) Бекболаттың көзі үлкейіп барады.
21. Антонимді қосарлама қос сөзді көрсетіңіз.
A) Ат-мат.
B) Ауыл-аймақ.
C) Ертемен.
D) Қысы-жазы.
E) Дүркін-дүркін.

22. Көмекші етістікті еліктеу сөзді ажыратыңыз.
    A) Пыр-пыр ұшты.
    B) Шорт сынды.
    C) Қорс етті.
    D) Тарс айырылды.
    E) Қарқылдады.
23. Жай сөйлемдердің түрін анықтаңыз.
    *Атаның баласы болма, адамның баласы бол.*
    A) Толымды.
    B) Жақсыз.
    C) Атаулы.
    D) Жалаң.
    E) Жақты.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.
    A) О, шіркін, осы ән ғой құлақтан кіріп бойды алар.
    B) О, шіркін осы ән ғой "құлақтан кіріп бойды алар"!
    C) О, шіркін, осы ән ғой, құлақтан кіріп бойды алар!
    D) О, шіркін, осы ән ғой "құлақтан кіріп бойды алар!"
    E) "О, шіркін, осы ән ғой, құлақтан кіріп бойды алар!"
25. Шешендік сөздің әсерлілігін арттыратын тілдік сапаны белгілеңіз.
    A) Қарабайыр сөздерді қолдану.
    B) Тез сөйлеу.
    C) Айшықты сөздерді мол қолдану.
    D) Сөз мағынасын жетік білмеу.
    E) Дауыс мәнерін сақтамау.

# 7-нұсқа

1. Көнерген сөзді белгілеңіз.
   A) Егемен.
   B) Өнер.
   C) Підия.
   D) Әуежай.
   E) Әнұран.
2. Қысаң дауыстыларды белгілеңіз.
   A) А, ә, о, ө.
   B) Б, в, г, ғ.
   C) О, ө, ұ, и.
   D) Е, э, ы, і.
   E) Ұ, ү, у, ы.
3. Ұяң дауыссызға аяқталатын сөзді көрсетіңіз.
   A) Қағазбен.
   B) Қант.
   C) Көрік.
   D) Геолог.
   E) Асық.
4. Түбір сөзді көрсетіңіз.
   A) Жаздың.
   B) Ашулы.
   C) Ойшыл.
   D) Ойсыз.
   E) Күз.
5. Көмекші сөздер мағынасы мен қызметіне қарай нешеге бөлінеді, табыңыз.
   A) 3.
   B) 4.
   C) 7.
   D) 2.
   E) 5.
6. Сапалық сын есімді табыңыз.
   A) Балалық.
   B) Күзгі.
   C) Көйлексіз.
   D) Жақсы.
   E) Қалалық.
7. Белгісіздік есімдігін табыңыз.
   A) Еш жер.
   B) Бірлік.
   C) Бір үй.
   D) Бөдене.
   E) Бірдеме.

8. Етістіктің сұрағын табыңыз.
   A) Қанша? Қайда?
   B) Кім? Не?
   C) Неге? Кім?
   D) Не істеді?
   E) Қандай? Не?
9. Одағай сөзді табыңыз.
   A) Бәрекелді.
   B) Әкелді.
   C) Үшін.
   D) Енді.
   E) Кейін.
10. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
   A) Той тізгінін ұстау асабаға берілді.
   B) Майор мені таныды да, атының тізгінін тартты.
   C) Кедейлерге тізгін тиіпті.
   D) Жатқа тізгін бермеңіз.
   E) Ашуға аздап тізгін берейік.
11. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
   A) Оқушы.
   B) Жолдасым.
   C) Ойыншық.
   D) Қашса.
   E) Аңшы.
12. Негізгі үстеуді табыңыз.
   A) Жылдам.
   B) Жаздыгүні.
   C) Жоғары-төмен.
   D) Балаша.
   E) Күні бүгін.
13. Атау септігіндегі сөзбен тіркесіп келетін септеулікті көрсетіңіз.
   A) Кейін, бұрын, гөрі.
   B) Шейін, таман, соң.
   C) Шамалы, үшін, туралы.
   D) Бірге, дейін, қарай.
   E) Қатар, секілді, тарта.
14. Қиыса байланысу деген не екенін көрсетіңіз.
   A) Сөз бен сөздің ілік септік пен атау септігінен басқа септік жалғаулары арқылы байланысқан түрі.
   B) Ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің грамматикалық байланысы.
   C) Сөздерің өзара ешбір жалғаусыз орын тәртібі арқылы байланысуы.
   D) Баяндауыштың бастауышпен байланысы.
   E) Сөздердің өзара септік жалғауларының біреуі арқылы байланысқан түрі.

15. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
   A) Ұзап кету.
   B) Екінің бірі.
   C) Зор махаббат.
   D) Өкпе ауруы.
   E) Табан ет, маңдай тер.
16. Бастауыштан кейін дұрыс қойылған сызықшаны табыңыз.
   A) Көрмес түйені - де көрмес.
   B) Көрмес - түйені де көрмес.
   C) Көрмес түйені де - көрмес.
   D) Көрмес түйені - де - көрмес.
   E) Көрмес - түйені де - көрмес.
17. Талғаулы салалас сөйлемді табыңыз.
   A) Биыл егін шықпады, өйткені жаздай жаңбыр жауған жоқ.
   B) Жазуың әдемі екен, бірақ әріптерің кішкентай.
   C) Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын.
   D) Бүгін жиналыс болады.
   E) Ертең апаларым келеді.
18. Қаратпа сөзді табыңыз.
   A) Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем.
   B) Ән кеші басталды.
   C) Әрине, қиындықтар кездеседі.
   D) Екі батыр шаңды қардай боратты.
   E) Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді .
19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
   A) – Бұл үйдің жаны нешеу? деді: Итбай.
   B) "Бұл үйдің жаны нешеу": деді Итбай.
   C) – Бұл үйдің жаны нешеу?- деді Итбай.
   D) – Бұл үйдің жаны нешеу?: деді Итбай.
   E) – Бұл үйдің жаны нешеу?, деді Итбай.
20. Басқа тілден енген сөздер қатарын табыңыз.
   A) Геометрия, телефон, ұстаз.
   B) Өзен, дос, барымта.
   C) Тергеуші, өсімдік, қағаз.
   D) Ауыл, дәптер, қорамса.
   E) Қайшы, хат, пышақ.
21. "Сөйтіп"- қандай сөз екенін көрсетіңіз.
   A) Біріккен сөз.
   B) Түбір сөз.
   C) Қосарланған сөз.
   D) Қайталама сөз.
   E) Қысқарған сөз.

22. "Жарқыл" деген туынды зат есім қай сөз табынан жасалғанын белгілеңіз.
    A) Шылау.
    B) Еліктеу сөзден.
    C) Одағай.
    D) Үстеу.
    E) Етістік.
23. Сөйлем түрін анықтаңыз.
    *Біздің мақсат – орманды өз қарамағымызға алу.*
    A) Салалас.
    B) Жақсыз.
    C) Толымды.
    D) Толымсыз.
    E) Атаулы.
24. Тырнақшаның дұрыс қойылу орнын көрсетіңіз.
    A) "Ана тілі" газеті, "Парасат" журналы.
    B) "Ғ.Мұстафин". Өмір белестері. Алматы-84.
    C) "Әл Фараби" атындағы Университет.
    D) "Алматыдағы кондитер фабрикасы".
    E) "Мемлекеттік банкінің бөлімшесі."
25. Іскерлік қарым-қатынас әдебіне жататын тілдік ерекшеліктерді атаңыз.
    A) Іске жауапкершілікпен қарау, сыпайылық, жағымды сөйлеу, батылдық.
    B) Пікір алысқалы отырған ісін, тақырыбын жетік білмеу.
    C) Сөз мағынасын түсінбеу, көп сөзділік.
    D) Логикалық ой-өрісінің жетіспеуі.
    E) Жігерсіздік, ұялшақтық.

## 8-нұсқа

1. Омоним болатын сөзді табыңыз.
   A) Биыл.
   B) Екінші рет.
   C) Қазы.
   D) Мүмкін.
   E) Ата-ана.
2. Бірынғай еріндік дауыстыдан жасалған сөзді көрсетіңіз.
   A) Дүлдүл.
   B) Жүзім.
   C) Бүркіт.
   D) Бұлғын.
   E) Жәрдем.
3. "Тәжібай", "қарай", "орай" - сөздеріндегі "й" дыбысы.
   A) Жуан.
   B) Қатаң.
   C) Үнді.
   D) Ұяң.
   E) Жіңішке.
4. Есім сөзден етістік жасайтын жұрнақты көрсетіңіз.
   A) -да, -де.
   B) -қыз, -кіз.
   C) -т.
   D) -ған, -ген.
   E) -ын, -ін.
5. Қосарлану арқылы жасалған күрделі зат есімді анықтаңыз.
   A) Ақшағала.
   B) Ауыл-аймақ.
   C) Сантиметр.
   D) Жауын.
   E) Бала бақша.
6. Болымсыздық есімдігінен болған тіркесті табыңыз.
   A) Ешбір адам.
   B) Тоты құс.
   C) Қарға-құзғын.
   D) Ұзын бұрым.
   E) Кейбір бала.
7. Ырықсыз етісті табыңыз.
   A) Танысты.
   B) Жәбірледі.
   C) Айтқыз.
   D) Жуылды.
   E) Орынды.

8. Дыбыстық еліктеуіш сөзді табыңыз.
   A) Қисалаң.
   B) Саңқ.
   C) Жалт.
   D) Арбаң.
   E) Жарқ.
9. Одағайдың білдіретін мағынасын анықтаңыз.
   *Әттең, бүгін кешікпей келгеніңде үлгеретін едің!*
   A) Таңдану.
   B) Шаттану.
   C) Жекіру.
   D) Бұйыру.
   E) Өкіну.
10. Мына сөздердің ішінен синонимдік қатарды табыңыз.
   A) Қайрат, жігер, ел.
   B) Жаратылыс, табиғат, дүние.
   C) Еңбек, іскер, жалқау.
   D) Өлең, жыр, ән, терме, күй.
   E) Бет, жүз, оң, ауыз.
11. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
   A) Жауқияқ (шөп).
   B) Жексенгүл.
   C) Қызылбалақ (құс).
   D) Гүлжан.
   E) Баянауыл.
12. Дара сын есімді көрсетіңіз.
   A) Сулы жер, айтулы оқиға.
   B) Тым биік, дәл өзі.
   C) Аппақ, көкпеңбек.
   D) Ұзынды-қысқалы.
   E) Ұзын бойлы, кең иықты.
13. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз.
   A) Соншалық ұзақ.
   B) Әдейі келді.
   C) Онша ұзақ емес.
   D) Ұзақтан келді.
   E) Тіпті ұзақ емес.
14. Шылауды көрсетіңіз.
   A) Ол-кейін көрген адамым.
   B) Ат кейін шегініп кетті.
   C) Біраз жүргеннен кейін сәл бөгелдік.
   D) Машина кейін бұрылды.
   E) Оның ойын кейін білдім.

15. Қабыса байланысқан анықтауыштық қатынасты табыңыз.
   A) Үйдің іші.
   B) Асқар тау.
   C) Жүк тиеу.
   D) Баланың күлкісі.
   E) Гүл суару.
16. Мезгіл пысықтауыш қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.
   A) Жібердім саған.
   B) Ауылға келді.
   C) Бүгін хабарласты.
   D) Әдейі келді.
   E) Асықпай сөйледі.
17. Қарсылықты салалас сөйлемді табыңыз.
   A) Олар кешке теледидар қарайды.
   B) Марат уәдесін орындар, не біржолата бас тартар.
   C) Тынысы тарылып, тұла бойы бір ысып, бір суынды.
   D) Күн бұлттанып тұр еді, бірақ жаңбыр жауған жоқ.
   E) Рабиға әбден шаршаған еді, сондықтан Жамалдың сұрағына жауап бермеді.
18. Қаратпа сөзді сөйлемді табыңыз.
   A) Молдағазы салмақты жігіт болып өскен.
   B) Ойбай, жай айтамын.
   C) Мен, әрине, ол арадан кетіп қалам.
   D) Неге жүдеусің, Әбіш, денің сау ма?
   E) Бәрекелді, мынауыңыз жақсы ақыл!
19. Бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қандай тыныс белгісі қойылатынын табыңыз.
   A) Сызықша.
   B) Қос нүкте.
   C) Үтір.
   D) Дефис.
   E) Нүктелі үтір.
20. Мақалды табыңыз.
   A) От тілді, орақ ауызды.
   B) Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар.
   C) Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда.
   D) Күш атасын танымас.
   E) Ер жігіт ел үшін туады, елі үшін өледі.
21. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
   A) Айттық.
   B) Тұлым.
   C) Сенімің.
   D) Сезді.
   E) Апырым.

22. "Қоян жүрек" – тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.
   A) Момын.
   B) Батыл.
   C) Қорқақ.
   D) Сұм.
   E) Жақсы.
23. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
   A) Күн жылына бастады.
   B) Жүзін шырамытатын сияқты.
   C) Досын көрді.
   D) Жәрдемшіге хабар айтуға болады.
   E) Боран да басылды.
24. Төл сөзді сөйлемді табыңыз.
   A) Бурабай – қазақ даласының ең әдемі де қасиетті жерінің бірі.
   B) "Қозы Көрпеш" жыры қай заманда шықса да, Жетісу топырағында туған сияқты.
   C) Сабыр түбі – сары алтын.
   D) Біраздан соң, Базаралы өзі де шешіле түсіп, Абайдың саушылығын сұрастырды.
   E) "Жасу, жабырқау – халық мінезі емес,- деп ойлады Ыбырай,- ерлік, ізгілік қана халық мінезі"
25. Орхон-Енисей-Талас кезеңін белгілеңіз.
   A) XIII-XV ғасыр.
   B) XV-XVIII ғасыр.
   C) VI-VIII ғасыр.
   D) X-XII ғасыр.
   E) XIX ғасыр.

## 9-нұсқа

1. Синоним сөздердің тізбегін көрсетіңіз.
   A) Көру, үйрену, жазу.
   B) Жаңбырлы, бұлтты, ашық.
   C) Қасқыр, түлкі, бөдене.
   D) Қыс, жаз, суық.
   E) Қысқа, шолақ, келте.
2. Езулік дыбыс ненің қызметіне қарай бөлінеді, көрсетіңіз.
   A) Ауаның кедергіге ұшырауынан жасалады.
   B) Жақтың қызметіне қарай.
   C) Еріннің қызметіне қарай.
   D) Үн мен салдырдан жасалады.
   E) Тілдің қызметіне қарай.
3. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін көрсетіңіз.
   A) Жуан, жіңішке, ашық
   B) Еріндік, езулік, жуан.
   C) Қатаң, ұяң, үнді.
   D) Қатаң, ұяң, қысаң.
   E) Ашық, қысаң, еріндік.
4. Көптік жалғаулы сөздерді көрсетіңіз.
   A) Оған, сен, мені.
   B) Кітабым, кітабың, қызы.
   C) Келемін, менмін, оқисың.
   D) Сөйлем, көшірме,оқушы.
   E) Саралар, кітаптар, тастар.
5. Қысқарған сөзді анықтаңыз.
   A) Көңілді.
   B) Азан-қазан.
   C) Атқару комитеті.
   D) Килограмм.
   E) Педколледж.
6. Күрделі сөзді көрсетіңіз.
   A) Болашақ жастардікі.
   B) Адамға табыну.
   C) Ән, жыр асқақтады.
   D) Балалар бақшасы.
   E) Ертеңгілік болды.
7. Реттік сан есімді көрсетіңіз.
   A) Төрттен бір.
   B) Тоғыз.
   C) Алтау.
   D) Бірінші.
   E) Он-оннан.

8. Жіктеу есімдігін көрсетіңіз.
   A) Өзім.
   B) Сол.
   C) Бір.
   D) Осы.
   E) Сіздер.
9. Нақ осы шақтағы етістікті табыңыз.
   A) Үнемі сөйлесіп тұрамыз.
   B) Бізге жиі келіп тұрады.
   C) Кітап оқып отыр.
   D) Біз мұнда жиі келеміз.
   E) Кітап оқып отырады.
10. Антоним қай сөз табынан жасалған, дұрысын көрсетіңіз.
   *Өмірде қуаныш пен реніш қатар жүреді.*
   A) Сын есім.
   B) Зат есім.
   C) Есімдік.
   D) Үстеу.
   E) Етістік.
11. Буын талғамайтын жалғауды белгілеңіз.
   A) Тәуелдік жалғауы.
   B) Көмектес септігі.
   C) Ілік септігі.
   D) Көптік жалғауы.
   E) Атау септігі.
12. Туынды сын есімді тіркесті табыңыз.
   A) Өнерпаз бала.
   B) Жирен ат.
   C) Тәттірек тағам.
   D) Ақ боз үй.
   E) Қара ала сиыр.
13. Мөлшер үстеуін табыңыз.
   A) Өте, тым.
   B) Мұншама, бірен-саран.
   C) Кенеттен, шапшаң.
   D) Төмен, жоғары.
   E) Әбден, керемет.
14. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Жексенбі күндері киноға барып тұрамыз.
   B) Қалам мен қағаз стол үстінде жатыр.
   C) Жауынды жаз жарылқап кетті.
   D) Күн нұрын құйып тұр.
   E) Қыстың қамын жаз ойла.

15. Қабыса байланысқан анықтауыштық қатынасты табыңыз.
    A) Дымқыл тұман.
    B) Балаларға сыйлық.
    C) Жұмыс бөлмесі.
    D) Жалықпай тыңдау.
    E) Баяу тыңдау.
16. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
    A) Рабиға біресе маған, біресе Әмірге қарады.
    B) Рабиға біресе маған, біресе, Әмірге қарады.
    C) Рабиға біресе маған, біресе Әмірге, қарады.
    D) Рабиға біресе, маған біресе Әмірге қарады.
    E) Рабиға біресе, маған, біресе Әмірге қарады.
17. Керекті жалғаулық шылауды қойыңыз.
    *Баласы бірнеше барымтаға қатынасты, ... әке-шешесінің алдындағы малы көбейген жоқ.*
    A) бірақ
    B) сондықтан
    C) біресе
    D) немесе
    E) және
18. Қыстырма сөзді табыңыз.
    A) Біз, қазіргі жастар, нарық заңын меңгереміз.
    B) Ата, қалаға қашан барамыз?
    C) Біздің үйге, қалқам, тезірек жет.
    D) Оқуыңды бітірдің бе, балам?
    E) Осы қылығыңды, сірә, өзің де жаратпайтын боларсың.
19. Дефис қойылмайтын орынды көрсетіңіз.
    A) Қарсы мәнді сөздер қатар келгенде.
    B) Қос сөздерде.
    C) Реттік сан есімдер цифрмен жазылғанда.
    D) Қысқарған сөздер арасында.
    E) Екі сөзден тұратын қызмет, дәреже, атауларды білдіретін сөздерде.
20. Көп мағынаға ие бола алатын сөзді көрсетіңіз.
    *Бәрін қойып, ашық әңгімеге кірісейік.*
    A) Бәрін
    B) Әңгімеге
    C) Ашық
    D) Қойып
    E) Кірісейік

21. Көмекші етістікті бейнелеуішті табыңыз.
   A) Сүлк түсті.
   B) Жалп-жалп құлады.
   C) Кілт тоқтады.
   D) Ербеңдеп келеді.
   E) Жалт-жұлт етті.
22. "Қас пен көздің арасында" – тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.
   A) Сұлу, көрікті.
   B) Алыс жер.
   C) Жақын жер.
   D) Өте жылдам.
   E) Зұлым.
23. Жақты сөйлемді табыңыз.
   A) - Мұның қалай?
   B) Асқа қарамауға тура келді.
   C) Тамаша.
   D) Тым-тырыс.
   E) Жер жыртқан трактордың гүрілі біз жаққа қатты естілді.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған көп құрамды төл сөзді табыңыз.
   A) –Шіркін Ербол, Неткен жақсы едің? деді Абай ырза болып - Естен кетпес іс еттің-ау!
   B) –Шіркін, Ербол, Неткен жақсы едің, деді Абай ырза болып, Естен кетпес іс еттің-ау!
   C) –Шіркін, Ербол. Неткен жақсы едің: деді Абай ырза болып, Естен кетпес іс еттің-ау!
   D) –Шіркін, Ербол! Неткен жақсы едің!- деді Абай ырза болып: – Естен кетпес іс еттің-ау!
   E) –Шіркін, Ербол! Неткен жақсы едің деді Абай ырза болып; Естен кетпес іс еттің-ау!
25. «Рецензия» - қай елдің сөзі, табыңыз.
   A) Латын.
   B) Қазақ.
   C) Парсы.
   D) Иран.
   E) Орыс.

## 10-нұсқа

1. Сөйлемдегі көп мағынаға ие бола алатын сөзді табыңыз.
   *Майра, жараның аузы ашылып кетпесін.*
   A) Майра
   B) жараның
   C) ашылып
   D) кетпесін.
   E) аузы
2. Еріндік дауыстыларды белгілеңіз.
   A) Е, э, і.
   B) О, ө, у.
   C) А, ә, ы.
   D) Ғ, д, ж.
   E) И, ы, ә.
3. Үнді дыбыстарды белгілеңіз.
   A) и, ң.
   B) а, и.
   C) р, з.
   D) й, у.
   E) ж, қ.
4. Жіктік жалғауында тұрған сөзді табыңыз.
   A) Кеншінің.
   B) Санақ.
   C) Сепкіш.
   D) Ауылданбыз.
   E) Табалдырық.
5. Жақша ішіндегі көрсетілгендердің бірге жазылатынын табыңыз.
   A) (Ала) бота.
   B) (Ала) орамал.
   C) (Ала) көйлек.
   D) (Ала) көңіл.
   E) (Ала) жаздай.
6. Күрделі зат есімді көрсетіңіз.
   A) Егемен.
   B) Ертеңгі.
   C) Шаруашылық.
   D) Қасым Аманжолов.
   E) Қызыл ала.
7. «Алтау» деген сан есімдегі түбірден түсіп қалған дыбысты көрсетіңіз.
   A) і
   B) ы
   C) о
   D) и
   E) а

8. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз.
   A) Нәрсе.
   B) Нешеу.
   C) Бар.
   D) Бір.
   E) Міне.
9. Күрделі сөзді көрсетіңіз.
   A) Қол шапалақтау.
   B) Бие сауым уақыт.
   C) Кетіп қала жаздады.
   D) Мойнына су кету.
   E) Жер қазу.
10. Тура мағыналы сөзді сөйлемді белгілеңіз.
   A) Әкеңнің құны бар ма?
   B) Әкесі – соғыс ардагері.
   C) Әкесі базардан келгендей.
   D) Әкесін таныта істейді.
   E) Әкесінің аузынан түскендей.
11. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды табыңыз.
   A) Қараөзек.
   B) Тайбурыл.
   C) Айнабұлақ.
   D) Құтжол.
   E) Бақытжан.
12. Дара сын есімді көрсетіңіз.
   A) Ақ көйлек, қара қалпақ.
   B) Ақ шабдар, қара ала.
   C) Үлкенді-кішілі, ақтылы-қаралы.
   D) Көк көйлекті, ұзын бойлы.
   E) Қара бурыл, ұзын сақалды.
13. Негізгі үстеуге жалғанатын сын есім шырайының жұрнақтарын көрсетіңіз.
   A) -ты, -ті, -ды, -ді, -ны, -ні.
   B) -да, -де, -та, -те.
   C) -қан, -кен, -ған, -ген.
   D) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, теу.
   E) -ып, -іп- п.
14. Септеулік шылауды табыңыз.
   A) Күн еңкейе барып, қалың орманға батты.
   B) Алыс пен жақынды жортқан білер.
   C) Колхоз үшін балық аулау маңыздырақ қой.
   D) Жолшыбай аптап ыстық еңсемізді көтертпей қойған-ды.
   E) Бірақ бой жағынан екеуі де қатарлас түсті.

15. Қиысуды табыңыз.
   A) Жұрттың айтуынша.
   B) Нұртаза-шешен.
   C) Кімнің сұрағы.
   D) Заңды орындау.
   E) Жұрттан асу.
16. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз:
   A) Қазақстандағы ірі өзендер мыналар, Ертіс, Жайық, Сырдария.
   B) Қазақстандағы ірі өзендер мыналар: Ертіс, Жайық, Сырдария.
   C) Қазақстандағы ірі өзендер мыналар - Ертіс, Жайық, Сырдария.
   D) Қазақстандағы ірі өзендер: мыналар Ертіс, Жайық, Сырдария.
   E) Қазақстандағы ірі өзендер мыналар; Ертіс, Жайық, Сырдария.
17. Қарсылықты салалас сөйлемді табыңыз.
   A) Өзіңнің ұятың жоқ екен, тіпті сөз өтпейді ғой өзіңе.
   B) Дала суық екен, алайда Жанар тоңа қойған жоқ.
   C) Шылым тарту денсаулыққа зиянды.
   D) Үй жиналып тұрса, көңілің де сергек болады.
   E) Жер Күнді айналады.
18. Қаратпа сөз көбіне қай тұлғада тұратынын анықтаңыз.
   A) Атау септігінде.
   B) Барыс септігінде.
   C) Жіктеулі түрде.
   D) Ілік септігінде.
   E) Табыс септігінде.
19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған көп құрамды төл сөзді табыңыз.
   A) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
   B) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
   C) – Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
   D) – Мен, енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін – деп, Кулаков қамшысын көрсетті – одан да айт шыныңды.
   E) Мен енді сенімен тілмен емес мынаумен сөйлесемін деп, Кулаков қамшысын көрсетті, – одан да айт шыныңды.
20. Антонимдік жұп қайсысы, табыңыз.
   A) Аш - тоқ.
   B) Аралас - құралас.
   C) Құмырсқа бел - жіңішке бел.
   D) Бажа - абысын.
   E) Сәлем - саукат.

21. Көп нүктенің орнына лайықты еліктеу сөзді көрсетіңіз.
*Үйдегі жұрттың бәрі ... боп тысқа қарай шықты.*
A) Абыр-сабыр.
B) Былқ-сылқ.
C) Жарқ-жұрқ.
D) Сатыр-сұтыр.
E) Гүрс-гүрс.
22. Тұрақты сөз тіркесін көрсетіңіз.
A) Жомартқа екі түрлі талап қойып,жүк артқан.
B) Жүк артқан балаларға алғыс айтты.
C) Соңғы көлікке жүк артқан.
D) Жүкті ұқыпты арту керек.
E) Жүк артқан түйе кейін келеді.
23. *Мұны айтпауына болмай да қалып еді.*
Сөйлем түрін анықтаңыз.
A) Атаулы.
B) Толымды.
C) Жақты.
D) Құрмалас.
E) Жақсыз.
24. Қай сөйлемде үтір дұрыс қойылған, табыңыз.
A) Жарайсың, Баймұратов мен саған отыруға рұқсат етемін.
B) Жарайсың Баймұратов, мен саған, отыруға рұқсат етемін.
C) Жарайсың Баймұратов мен саған, отыруға рұқсат етемін.
D) Жарайсың Баймұратов, мен саған отыруға рұқсат етемін.
E) Жарайсың, Баймұратов, мен саған отыруға рұқсат етемін.
25. «Конспект» - қай елдің сөзі, табыңыз.
A) Латын.
B) Иран.
C) Араб.
D) Орыс.
E) Қазақ.

## 11-нұсқа

1. Сөз байлығын зерттейтін тіл білімінің саласын табыңыз.
   A) Лексика.
   B) Фразеология.
   C) Морфология.
   D) Фонетика.
   E) Синтаксис.
2. Ашық дауыстылардан құралған сөзді көрсетіңіз.
   A) Бейсенөлі.
   B) Күйзеліс.
   C) Кінәрат.
   D) Ойыншық.
   E) Әлдеқашан.
3. Қатаңнан басталып, қатаңға аяқталған сөзді табыңыз.
   A) Сақтан.
   B) Тамыр.
   C) Арман.
   D) Қайрат.
   E) Парыз.
4. Жалғаудың неше түрге бөлінетінін белгілеңіз.
   A) 7
   B) 5
   C) 4
   D) 2
   E) 3
5. Біріккен сөздердің дұрыс жазылғанын көрсетіңіз.
   A) Белбау.
   B) Белбу.
   C) Белбөу.
   D) Белбеу.
   E) Белбуу.
6. Есім сөзден жасалған туынды зат есімді табыңыз.
   A) Азамат.
   B) Суырма.
   C) Озат.
   D) Ұшқыш.
   E) Ойыншық.
7. Жалпылау есімдігін табыңыз.
   A) Мейірлі.
   B) Түгел.
   C) Түнгі.
   D) Құсбегі.
   E) Дәнеңе.

8. Етістіктен етістік тудыратын жұрнақты сөзді табыңыз.
   A) Көгер
   B) Келтір
   C) Білім
   D) Алқапты
   E) Суар
9. Сөйлем мүшесі болмайтын одағай сөздің мағынасын табыңыз.
   *Жүрегім, ойбай, соқпа енді...*
   *Бүгінгі дос - ертең жау, мен не қылдым, япырмау?!*
   A) Қапалану.
   B) Қуану.
   C) Таңдану.
   D) Шақыру.
   E) Шаттану.
10. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.
   A) Ұзақ.
   B) Түю.
   C) Ұршық.
   D) Тықыр.
   E) Мылтық.
11. Буын үндестігін тағы қалай деп атауға болады, табыңыз.
   A) Орфография
   B) Ассимиляция
   C) Дыбыс үндестігі
   D) Сингармонизм
   E) Орфоэпия
12. Күшейтпелі шырайда тұрған сын есімді көрсетіңіз.
   A) Аласалау.
   B) Аласа.
   C) Көгілдір.
   D) Қып-қысқа.
   E) Биік.
13. Сөйлемнен мекен үстеуін белгілеңіз.
   *Барлық аттылар жан-жаққа шаба жөнелді.*
   A) Шаба.
   B) Жан-жаққа.
   C) Аттылар.
   D) Жөнелді.
   E) Барлық.
14. Салдарлық жалғаулықтар қатарын көрсетіңіз.
   A) Мен, пен, бен, және, әрі.
   B) Я, не, немесе, болмаса, біресе.
   C) Сондықтан, сол себепті.
   D) Алайда, әйтпесе, әйтпегенде, бірақ.
   E) Өйткені, себебі, егер.

15. Матаса байланысқан сөз тіркесі бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Ол Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді.
   B) Әкем Бауыржанның батырлығын айтып отырушы еді.
   C) Егеменді ел болайық.
   D) Ол мектепті биыл бітірді.
   E) Жанды жадыратар сөз айтшы.
16. Мақал-мәтелге лайық баяндауышты табыңыз.
   *Өнерлінің өрісі ...*
   A) ұзақ.
   B) тар.
   C) биік.
   D) кең.
   E) бар.
17. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Мекен жайы өзгерген жоқ.
   B) Жомарт кетісімен, Әлия қойған жерінен дәптерді іздеді.
   C) Омар орнынан тұрғанда, үй іші шай ішіп отыр екен.
   D) Енді біраз уақыт өткенде, әңгіме де тыйылар еді.
   E) Жаңа техниканы меңгермейінше, істен нәтиже шықпайды.
18. Қыстырма сөзді табыңыз.
   A) Құдай-ау.
   B) Оның айтуынша.
   C) Құп.
   D) Жақсы.
   E) Қош.
19. Берілген төл сөздің қай нұсқасында тыныс белгілері дұрыс қойылғанын көрсетіңіз.
   A) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін, - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
   B) - Мырза жүргелі, жатырмыз. Киін, - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
   C) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін! - деді де солдат, ізінше қайта шықты.
   D) - Мырза жүргелі жатырмыз. Киін, -деді де, солдат, ізінше қайта шықты.
   E) - Мырза, жүргелі жатырмыз. Киін - деді де, солдат ізінше қайта шықты.
20. Синонимі бар сөйлемді табыңыз.
   A) Көргеніне, естігеніне риза болды.
   B) Ұлпан қызына көйлек, сәукеле тікті.
   C) Жаманшылық, жақсылық әркез егіз жүреді.
   D) Байқоңыр - ғарыш аймағы, ел үміті.
   E) Бекет от басында қалғып, мүлгіп отыр.

21. Еліктеу сөзден жасалған зат есім қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын белгілеңіз.
*Оның құлағына гүріл естілді.*
A) Пысықтауыш.
B) Баяндауыш.
C) Бастауыш.
D) Анықтауыш.
E) Толықтауыш.

22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
A) Елеулі орын.
B) Сәнді сарай.
C) Қобыланды батыр.
D) Қыстырма сөз.
E) Санын соғып қалу.

23. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.
A) – Кіріңіз!
B) Шөп астынан ақ жұмыртқалар көрінді.
C) Долы дауыл ышқына соқты.
D) Шабуыл жасайтын “жауы” – Сырдария.
E) Айлы түн.

24. Алғашқы үтір неге байланысты қойылған, дұрысын табыңыз.
*Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды.*
A) Қимыл - сын бағыныңқылы сабақтас.
B) Шартты бағыныңқылы сабақтас.
C) Мезгіл бағыныңқылы сабақтас.
D) Түсіндірмелі салалас.
E) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас.

25. Техникалық әдебиет тілін қай қатарға жатқызамыз, белгілеңіз.
A) Ғылыми тіл.
B) Публицистика тілі.
C) Көркем әдебиет тілі.
D) Ауызекі тіл.
E) Ресми тіл.

# 12-нұсқа

1. “Қисық”сөзінің тура мағынасын табыңыз.
   A) Қисық бала.
   B) Қисық сөз.
   C) Қисық адам.
   D) Қисық ағаш.
   E) Қисық мінез.
2. Бірыңғай қысаң дауысты сөзді көрсетіңіз.
   A) Тағала.
   B) Іңір.
   C) Қонақ.
   D) Қаза.
   E) Баста.
3. Қате жазылған сөзді көрсетіңіз.
   A) Байиды.
   B) Ыриза.
   C) Сауығу.
   D) Жуу.
   E) Рахмет.
4. Шығыс септік жалғауында тұрған сөзді табыңыз.
   A) Жұмысшымен.
   B) Сөйлемді.
   C) Газетке.
   D) Үйіне.
   E) Әркімнен.
5. Қысқарған сөзге қосымшаның дұрыс жалғануын табыңыз.
   A) смдей
   B) педколледж-ге
   C) ҚРның
   D) БҰҰ-ға
   E) ХШЖК не
6. Есім сөзден жасалған туынды зат есімді табыңыз.
   A) Басқыш.
   B) Батпақ.
   C) Күрек.
   D) Адамдық.
   E) Тарамыс.
7. "Әр" сөзінің қай сөзден бөлек жазылатынын көрсетіңіз.
   A) Әр(кім).
   B) Әр(бір).
   C) Әр(қайсысы).
   D) Әр(кісі).
   E) Әр(не).

8. Тұйық етістікті көрсетіңіз.
   A) Алғыр.
   B) Алғыз.
   C) Келу.
   D) Бармас.
   E) Алатын.
9. Үтірдің қойылу себебін анықтаңыз.
   *Уай, шіркін, ән деп осыны айт.*
   A) Одағай.
   B) Бірыңғай мүше.
   C) Қаратпа.
   D) Қыстырма.
   E) Еліктеу.
10. Грамматикалық тұлғаларында өзгерісі бар диалект сөзді табыңыз.
   *Сен менің айтқанымды тыңлауға тиістісің.*
   A) Менің.
   B) Тыңлауға.
   C) Сен.
   D) Тиістісің.
   E) Айтқанымды.
11. Кейінді ықпалды табыңыз.
   A) Көк базар.
   B) Көк ешкі.
   C) Жарыссөз.
   D) Беташар.
   E) Жолсерік.
12. Сын есімнің дұрыс жазылу емлесін көрсетіңіз.
   A) Ал ғара гөк.
   B) Ал ғара көк.
   C) Ал қаракөк.
   D) Ал қара көк.
   E) Ал қара гөк.
13. Күшейткіш үстеуді табыңыз.
   A) Қасақана, әлгінде.
   B) Тіпті, әбден.
   C) Емін-еркін, әрең.
   D) Онша, әжептеуір.
   E) Амалсыздан, босқа.
14. Себептік жалғаулықтар қатарын көрсетіңіз.
   A) Сондықтан, егер.
   B) Өйткені, себебі, неге десең.
   C) Әйткенмен, бірақ, дегенмен, сонда.
   D) Я, немесе, біресе, әлде.
   E) Менен, пенен, және, әрі.

15. Сөз тіркесінің толықтауыштық қатынастағы түрін көрсетіңіз.
   A) Ертеңгілік жиын.
   B) Колхоз малы.
   C) Ананың үміті.
   D) Мұражайды көру.
   E) Он есеп.
16. Тура толықтауышқа лайықты қосымшаны көрсетіңіз.
   A) Сазды жер.
   B) Қағазды әкел.
   C) Ақылды бала.
   D) Ол бүгін барған-ды.
   E) Ол барды.
17. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Көлік болса да, ауылға жете алмадық.
   B) Күн бұлыңғырланып барып, жаңбыр да жауып кетті.
   C) Урядник бірдеме деп жатты,- оны Асқар тыңдаған жоқ.
   D) Ауру болғандықтан, ол бүгін ұйықтаған жоқ.
   E) Көп оқысаң, көп білерсің.
18. Қаратпа сөзді табыңыз
   A) Ойбай, ел қайда?
   B) Сағыныштың шегі, шеті болар ма?
   C) Асан ойланып, толғанып, азаптанып бітті.
   D) Қарға, қарға, қарғалар, қарқылдама, қарғалар.
   E) Мүмкін, арманға барар жол шығар.
19. Автор сөзінсіз, екі я көп адамның алма-кезек сөйлеуі ретінде берілген сөздер атауын табыңыз.
   A) Төлеу сөз.
   B) Төл сөз.
   C) Диалог.
   D) Автор сөзі.
   E) Дәйексөз.
20. Термин сөзді табыңыз.
   A) Бокс, маңдай.
   B) Кесе, кәрлен.
   C) Тырнақша, поэзия.
   D) Цех, шахта.
   E) Совдеп, намаз.
21. Сан есімді лайықты сөзімен тіркестіріңіз.
   *Бір қайнатым ...*
   A) ет
   B) шай
   C) сөз
   D) нан
   E) бұлт

22. Еліктеу сөздің қандай қызмет атқарып тұрғанын көрсетіңіз.
    *Жаппамыз теңселіп тұргандай, аяқ астымыз дір-дір етеді.*
    A) Бастауыш.
    B) Баяндауыш.
    C) Пысықтауыш.
    D) Толықтауыш.
    E) Анықтауыш.
23. Еркін тіркес құрылысының схемасын анықтаңыз.
    *Ауызша сөйлесу.*
    A) Етістік - есім.
    B) Есім - есім.
    C) Үстеу - тұйық етістік.
    D) Зат есім - етістік.
    E) Есім сөз - етістік.
24. Жай сөйлемді табыңыз.
    A) Ауыл қыстауға көшкенде, ол қалаға кетіп еді.
    B) Жазда демалысқа шығайын деп едім, бірақ болмады.
    C) Оны танығанымен, Сәуле сыр бермеді.
    D) Жерге көк шығысымен, төлдерді жайылымға жіберді.
    E) Ретін келтіретін де, орындайтын да осы жігіттер ғой.
25. «Тезис» - қай елдің сөзі екенін табыңыз.
    A) Қазақ.
    B) Грек.
    C) Иран.
    D) Орыс.
    E) Араб.

## 13-нұсқа

1. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз.
   A) Бұлақтың көзі.
   B) Көзіне шөп салды.
   C) Көз көрім жер.
   D) Матаның көзі бар.
   E) Көз – мүше.
2. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.
   A) Кінарәт.
   B) Кінарат.
   C) Кінерәт.
   D) Кінәрәт.
   E) Кінәрат.
3. Сыңары жоқ дауыссызды табыңыз.
   A) Т.
   B) Ш.
   C) П.
   D) С.
   E) Ч.
4. Табыс жалғаулы сөздер көбінесе қай сөйлем мүшесі болады, табыңыз.
   A) Анықтауыш.
   B) Толықтауыш.
   C) Пысықтауыш.
   D) Бастауыш.
   E) Баяндауыш.
5. Біріккен түбірден жасалған сөзді табыңыз.
   A) Жасыл.
   B) Алтын.
   C) Әнуар.
   D) Дара.
   E) Көртышқан.
6. Жалқы есімді табыңыз.
   A) Адам.
   B) Құлагер.
   C) Орман.
   D) Кісі.
   E) Құс.
7. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.
   A) Ынта.
   B) Ағайын.
   C) Барша.
   D) Қуану.
   E) Ажарлы.

8. Тұйық етістік - сөйлемнің қандай мүшесі, белгілеңіз.
*Отанды қорғау- азаматтық парызымыз.*
A) Пысықтауыш.
B) Анықтауыш.
C) Бастауыш.
D) Толықтауыш.
E) Баяндауыш.
9. Қысқартылған түрінде қандай тыныс белгісі жетпей тұр, белгілеңіз.
*«Қазақ әдебиеті». «Қ Ә»*
A) Нүктелі үтір.
B) Қос нүкте.
C) Көп нүкте.
D) Нүкте.
E) Үтір.
10. Омоним сөздерді табыңыз.
A) Қыста қыстау маңы малға толды.
B) Ел көркі-мал, өзен көркі-тал.
C) Басқарма, халықты әділетсіз басқарма.
D) Кітапханашы Раушан кітапханада жұмыс істейді.
E) Баспаханадан баспаханашылар шығып келеді.
11. Сөз ішіндегі кейінді ықпалды белгілеңіз.
A) Алма ағаштың гүліндей.
B) Ертістің жағалауын жағалаймын.
C) Арманымның ақ құсы.
D) Шилі өзен қамыс – ай.
E) Бозша торғай сайрайды.
12. Есім сөздерден жасалған сын есімді көрсетіңіз.
A) Ұрысқақ, тайғақ.
B) Қызба, толық.
C) Ашпалы, көтермелі.
D) Жазғы, қысқы.
E) Жабысқақ, сүріншек.
13. Бастауыш қызметінде тұрған сан есімді табыңыз.
A) Ақылмен мыңды, ақырумен бірді көндіресің.
B) Алты - үшке қалдықсыз бөлінеді.
C) Мұғалім дәптерді бес-бестен үлестірді.
D) Мен-он төрттемін.
E) Биыл молшылық болды.
14. Сөйлемнен сын-қимыл үстеуді белгілеңіз.
Жаңбыр бірте-бірте ашыла бастаған сияқты.
A) Бірте-бірте.
B) Жаңбыр.
C) Бастаған.
D) Ашыла.
E) Сияқты.

15. Сұраулық шылаулы сөйлемді анықтаңыз.
   A) Балақай-ау, келгенің жақсы болды.
   B) Сен ол туралы сұрама.
   C) Оның ашуланбағаны орынды.
   D) Ол туралы айтып келген-ді.
   E) Кешегіні айтып қойғанбысың.
16. Сөз тіркесіндегі меңгеруді табыңыз.
   A) Абайдың баласы.
   B) Қызық әңгіме.
   C) Мектеп оқушылары.
   D) Ертең бару.
   E) Етікті киеді.
17. Сын есім қай сөйлемде баяндауыш қызметінде, табыңыз.
   A) Орманшы отынға жарымайды.
   B) Береке көзі - бірлікте.
   C) Тары жеген - тарықпас.
   D) Көңілсіз жұмыс - өнімсіз.
   E) Ащы мен тұщыны татқан білер.
18. Аралас құрмалас сөйлемнің арасына үтір мен сызықшаның қойылу себебін анықтаңыз.
   Егер мұғалім болғымыз келсе, жалдайтын ауыл да табылды, менің жалданғым да келді, - оған Баймағамбет болмады.
   A) Күрделі сөз тіркестерінің арасына.
   B) Қалған сөйлемге басыңқы сыңар ұйытқы болғандықтан.
   C) Себеп мәнді мағыналы болғандықтан.
   D) Қарама-қарсылық мәні болғандықтан.
   E) Бірыңғай мүшеге.
19. Мен, шынымды айтайын, қобалжып тұрмын.
   Тыныс белгісінің қойылу себебін табыңыз.
   A) Айқындауыш.
   B) Бірыңғай мүше.
   C) Қаратпа сөз.
   D) Қыстырма сөз.
   E) Одағай.
20. Грамматикалық тұлғаларында өзгерісі бар диалект сөзді табыңыз.
   A) Қырағы.
   B) Көз.
   C) Аласа.
   D) Пысқан.
   E) Маңдай.

21. Еліктеу сөзді тіркесті көрсетіңіз.
   A) Сендер үйге келіңдер.
   B) Жан-жануар көп.
   C) Қиқаң-қиқаң етті.
   D) Күз келді.
   E) Үй-үйімізге тарадық.
22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
   A) Аңды таяқпен басқа ұрып өлтіру.
   B) Аюға намаз үйреткен - таяқ.
   C) Әжей сырлы таяғын ұстап алды.
   D) Ауыл таяқ тастам жерде.
   E) Шығанақ таяғына сүйеніп, жан-жағына қарап тұр.
23. Толымды сөйлем болу үшін қойылатын шартты белгілеңіз.
   A) Сөйлем құрамына қажетті сөйлем мүшелерінің болуы.
   B) Төрт сөйлем мүшесі болуы.
   C) Үш сөйлем мүшесі болуы.
   D) Екі сөйлем мүшесі болуы.
   E) Барлық сөйлем мүшесі болуы.
24. Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Бөлтірік қашайын деп еді, күзен желкесін қырқып алды.
   B) ''Салыстырудың қай-қайсысы да кемшіліксіз болмайды'',- дейді неміс мақалы.
   C) Тоқта деймін,тоқташы.
   D) "Қансонарда бүркітші шығады аңға".
   E) Ей, тентек қарындасым!
25. «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты лингвистикалық еңбектің авторын көрсетіңіз.
   A) Сайф Сарай.
   B) Ахмет Югнаки.
   C) Махмұд Қашқари.
   D) Жүсіп Баласағұн.
   E) Қожа Ахмет Яссауи.

## 14-нұсқа

1. Неологизмді табыңыз.
   A) Қылқалам.
   B) Диалог.
   C) Сәуір.
   D) Жеңімпаз.
   E) Үнпарақ.
2. Жуан дауысты дыбысты көрсетіңіз.
   A) у, і
   B) ұ, і
   C) ы, и
   D) о, э
   E) а, о
3. Орфографиялық нормаға сай жазылған түрін көрсетіңіз.
   A) Кутыктау.
   B) Құтықтау.
   C) Құттықтау.
   D) Куттықтау.
   E) Құтұқтау.
4. Сөз түрлендіруші жұрнақты табыңыз.
   A) Көлшік
   B) Айтыс
   C) Ойлы
   D) Әнші
   E) Балалық
5. Тәуелдік жалғауынан соң жалғанып тұрған жатыс жалғауын табыңыз.
   A) Үйімде.
   B) Қалада.
   C) Өндірісті.
   D) Көшеде.
   E) Орманда.
6. Деректі зат есімі бар тіркесті анықтаңыз.
   A) Ауыр мінез.
   B) Қуаныш сезімі.
   C) Ағаш отырғызу.
   D) Адамгершілік қасиет.
   E) Қастандық жасау.
7. Болжалдық сан есімді көрсетіңіз.
   A) Елудей, ондай.
   B) Онның бірі.
   C) Бесінші.
   D) Сексен бес.
   E) Жетеу.

8. Есімдікті табыңыз.
   A) Әрине, мүмкін.
   B) Сонау, мына.
   C) Қызыл, көк.
   D) Бәрекелді, пәлі.
   E) Белсенді.
9. Етістіктің мақсатты келер шақ түрін табыңыз.
   A) Көрме.
   B) Көрді.
   C) Көрмекпіз.
   D) Көрген.
   E) Көрер.
10. Диалекті сөздерді табыңыз.
   A) Барлық, күллі.
   B) Әйдік, леген.
   C) Біртуар, қаяз.
   D) Гүрс-гүрс, қауашақ.
   E) Еңбек, арман.
11. Ілгерінді ықпалды табыңыз.
   A) Сенбілік ұйымдастыру.
   B) Қарасу.
   C) Жақсы-жаман.
   D) Бірқыдыру.
   E) Кендебай.
12. Бағыныңқысы сын есімнен болған тіркесті көрсетіңіз.
   A) Әлді кісі.
   B) Кешке келемін.
   C) Отыз адам.
   D) Алып кел.
   E) Ауыл маңы.
13. Сөйлемнен күшейткіш үстеуді белгілеңіз.
   *Жастық шақтың ең аяулы күндері ғасыр дариясының кең арнасына құйылып жатыр.*
   A) Ең аяулы.
   B) Кең арнасына.
   C) Жастық шақтың.
   D) Құйылып жатыр.
   E) Ғасыр дариясының.
14. Шылаудың дұрыс жазылған нұсқасын көрсетіңіз.
   A) Астанада көрікті де, әсем үйлер көп.
   B) Астанада көріктіде, әсем үйлер көп.
   C) Астанада көрікті де әсем үйлер көп.
   D) Астана да көрікті де әсем үйлер көп.
   E) Астанада көріктіде әсем үйлер көп.

15. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін белгілеңіз.
    A) Әдейі келу.
    B) Бие сүтінің қасиеті.
    C) Оқиғаларды баян етті.
    D) Бұл кітап.
    E) Бырт-бырт үзді
16. Бастауыштан кейін сызықша қай сөйлемде қойылатынын көрсетіңіз.
    A) Бұл күз айында болған әңгіме.
    B) Бұл істі көпке қалдырмау керек.
    C) Бұл баланың таланты бар екен.
    D) Мен бұл жағын білмеп ем.
    E) Бұл үйдің балалары естияр еді.
17. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.
    A) Хамиттер ерте тұрып аттанатын болғандықтан, жаңағы жай-күй айтысудан өзге әңгіме қозғалмады.
    B) Еңбектің наны, жалқаудың жаны тәтті.
    C) Айгүл аттан түсіп еді, су қайта таязданып қалғандай екен.
    D) Күн бұлттанды, бірақ жаңбыр жауған жоқ.
    E) Ауылда жаңа мектеп салынды.
18. Қаратпа сөз, көбінесе, қай сөз табынан жасалады, көрсетіңіз.
    A) Шылау.
    B) Үстеу.
    C) Зат есім.
    D) Сан есім.
    E) Сын есім.
19. Қос нүкте дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
    A) Біздің үйдегі адамдар мыналар әкем : шешем, Таңатар.
    B) Біздің үйдегі адамдар мыналар: әкем, шешем, Таңатар.
    C) Біздің үйдегі адамдар: мыналар әкем, шешем, Таңатар.
    D) Біздің үйдегі: адамдар мыналар әкем, шешем, Таңатар.
    E) Біздің үйдегі адамдар мыналар әкем, шешем, Таңатар.
20. Мақалды көрсетіңіз.
    A) Ат тұяғын тай басар.
    B) Ақылы асқанды аға тұт.
    C) Ақ түйенің қарны жарылды.
    D) Көптің құрығы ұзын.
    E) Құрғақ қасық ауыз жыртар.
21. Сөйлемдегі еліктеу сөз қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын белгілеңіз.
    *Ол аяқ астынан шақ-шақ еткен көп дауыстардан сескене қалды.*
    A) Баяндауыш.
    B) Толықтауыш.
    C) Бастауыш.
    D) Пысықтауыш.
    E) Анықтауыш.

22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
   A) Алыстан дүрсілдеген ат тұяғының дыбысы естілді.
   B) Артында қалған бір тұяқ бар еді.
   C) Жұт тігерге тұяқ қалдырмады.
   D) Омардың ірілі-ұсақты он бес тұяғы бар.
   E) Малдың тұяғын да іске асыруға болады.
23. Атаулы сөйлемнің жасалу жолын көрсетіңіз.
   *Долы боран. Түнгі дала.*
   A) Сөз тіркесі.
   B) Қос сөз.
   C) Туынды сөз.
   D) Күрделі сөз.
   E) Біріккен сөз.
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған көп құрамды төл сөзді табыңыз.
   A) – Мың-мың рахмет, атажан: деді Гүлжан қуанып, Дос болса сіздей болсын, Мен жыламаймын, қуанам!
   B) – Мың-мың рахмет, атажан,- деді Гүлжан қуанып, Дос болса сіздей болсын, Мен жыламаймын, қуанам!
   C) – Мың-мың рахмет, атажан!- деді Гүлжан қуанып: -Дос болса, сіздей болсын. Мен жыламаймын, қуанам!
   D) – Мың-мың рахмет, атажан!, деді Гүлжан қуанып - Дос болса сіздей болсын. Мен жыламаймын, қуанам!
   E) – Мың-мың рахмет, атажан деді Гүлжан қуанып - Дос болса сіздей болсын. Мен жыламаймын қуанам!
25. Автор, шешеннің дәлелдеп қорғайтын түйінді қорытындысының атауын табыңыз.
   A) Аннотация.
   B) Конспект.
   C) Тезис.
   D) Резюме.
   E) Рецензия.

## 15-нұсқа

1. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.
   A) Шап.
   B) Үгіт.
   C) Хор.
   D) Сөк.
   E) Сақал.
2. Бірыңғай ашық дауысты дыбыстан жасалған сөзді көрсетіңіз.
   A) Бұлбұл.
   B) Орамал.
   C) Кіру.
   D) Бұрғы.
   E) Биік.
3. Үнді дауыссыздар қатарын табыңыз.
   A) Н, Қ, З.
   B) Л, У, Ң.
   C) С, Л, Ғ.
   D) М, Ш, Н.
   E) Р, В, һ.
4. Негізгі түбір сөзді белгілеңіз.
   A) Қойшыбек.
   B) Ашық.
   C) Жазушы.
   D) Сауыншы.
   E) Кек.
5. Септік жалғауы жалғанған сөзді көрсетіңіз.
   A) Қағазды.
   B) Күз.
   C) Қашты.
   D) Көріксіз.
   E) Кітап.
6. Жалқы есімді табыңыз.
   A) Өзен.
   B) Мұнай.
   C) Бұлақ.
   D) Қамшы.
   E) Астана.
7. "Әлде" сөзінің қай сөзбен бірге жазылатынын көрсетіңіз.
   A) Әлде(көп), әлде(аз).
   B) Әлде(он), әлде(жиырма).
   C) Әлде(кім).
   D) Әлде(кісі).
   E) Әлде(адам), әлде(мал).

8. Шартты райлы етістікті табыңыз.
   A) Ұсынсаңыз.
   B) Ұсындық.
   C) Ұсынайық.
   D) Ұсынарлық.
   E) Ұсынбақпыз.
9. Сұрау белгісі дұрыс қойылатын сөйлемді табыңыз.
   A) Оқулықты қайда қойғаны есіне түспеді
   B) Босқа келдің ғой
   C) Ол қайда кетті дейсіз
   D) Қайдан келгенін айтпады
   E) Оның сенімен сөйлескісі келмейді
10. Бау-бақша шаруашылығына байланысты сөздерді табыңыз.
   A) Бақ, жаз.
   B) Сұлу, шырайлы.
   C) Жалпақ , шұңғыл.
   D) Атыз, құлақ суы.
   E) Күрзі, кіреуке.
11. Кейінді ықпалды табыңыз.
   A) Айтып бар.
   B) Үш шал.
   C) Жеті ешкі.
   D) Шығыс септік.
   E) Қос бұрым.
12. Күрделі сын есімді тіркесті көрсетіңіз.
   A) Сары ала көйлек.
   B) Қызыл алма.
   C) Тәтті қант.
   D) Түнгі ауа.
   E) Шырайлы сұлу.
13. Себеп-салдар үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
   A) Етпетінен жығылды.
   B) Амалсыздан көнді.
   C) Жорта сөйледі.
   D) Дереу жетті.
   E) Тез келді.
14. Жалғаулық шылауды табыңыз.
   A) Адамның күні адаммен.
   B) Баламен жүру қиын болар.
   C) Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар.
   D) Менің шаруам қанша?
   E) Мен үйден кеше келдім.

15. Көп нүкте орнына тиісті бағыныңқыны қойыңыз.
... жылқы.
A) Суылдаған.
B) Айғайлаған.
C) Кісінеген.
D) Быжылдаған.
E) Мөңіреген.
16. Есімдіктен болып тұрған бастауышты көрсетіңіз.
A) Омар келген болар.
B) Шай әлдеқашан жиналған.
C) Сіздер бізге көп үйреттіңіздер.
D) Сіздің бар шығармаларыңыз осы үйден табылады.
E) Біздің қақпан - әне.
17. Қарсылықты салаласты табыңыз.
A) Отан оттан да ыстық.
B) Күн жауып кетті,- оны ешкім білген жоқ.
C) Қыс келді.
D) Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын.
E) Қостың ар жағынан қаракер аттың басындағы жүген сылдырлады, шөп суылдады.
18. Қаратпа сөздің сөйлемдегі орнын табыңыз.
*Уа, туған жер, аша бер құшағыңды!*
A) 2, 6-сөз
B) 1, 2-сөз
C) 4, 5-сөз
D) 2, 3-сөз
E) 5, 6-сөз
19. Төл сөздің автор сөзінен соң орналасып тұрған түрін көрсетіңіз,
A) Ол бірде маған шынын айтты: "Сенімен сапарға шықсам, көңілім бір түрлі көтеріңкі болады".
B) Мен колхозшыларға: "Өзім бұл жерде туғаным жоқ", - дедім.
C) "Біз қайда жатырмыз? - деді, - кеше кеткен жоқпыз ба?".
D) "Иә,-деді Дина, басын изеп, - тіл мен үн арасында айырма жоқ".
E) "Біз қайда жатырмыз?" - деп сұрады.
20. Антонимдік жұп қайсысы, табыңыз.
A) Орыс - қазақ.
B) Арық - көтерем.
C) Ұзын құлақ - ұзын етек.
D) Тіс жармау - үндемеу.
E) Жүрек жұтқан - су жүрек.

21. Қате жазылған тыныс белгісін анықтаңыз.
   A) 10-сынып.
   B) Телефон-автомат.
   C) 30-40
   D) XXI-ғасыр.
   E) 21-том.
22. Баяндауыш болатын еліктеу сөзді табыңыз.
   A) Шоқан қалжыңға түсініп, қарқ-қарқ күлді.
   B) Иық тірескен қоңыр таулар тағы күңк етті.
   C) Алыстан дабырлаған дауыс естілді.
   D) Жарқ етіп шам жанды.
   E) Оның сөзіне елең еткен адам болмады.
23. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
   A) Ауыз әдебиеті.
   B) Жоңғар шапқыншылығы.
   C) Сағат сегіз жарым.
   D) Жанын шүберекке түю.
   E) Ерлік қасиет.
24. Күрделі баяндауыштың жасалу жолын табыңыз.
   *Енді мұны сізге айтуға тура келді.*
   A) Барыс септікті тұйық етістік, көмекші етістік.
   B) Жатыс септікті тұйық етістік.
   C) Есім және етістік.
   D) Шығыс септікті тұйық етістік, көмекші етістік.
   E) Күрделі етістік.
25. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңындағы тарау санын анықтаңыз.
   A) Алты.
   B) Үш.
   C) Он.
   D) Төрт.
   E) Бес.

## 16-нұсқа

1. Сөздің тура мағынасын табыңыз.
   A) Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің.
   B) Ашулы ақсақал бәрінің әкесін танытты.
   C) Абайдың әкесі-Құнанбай.
   D) ''Әкем-ау, оқып берші'',- деді атасы немересіне.
   E) Ұрғанның әкесін көрсетемін.
2. Жуан буынды сөзді анықтаңыз.
   A) Ору.
   B) Әрине.
   C) Митинг.
   D) Сән.
   E) Бинокль.
3. Тек қатаң дауыссыз қатысқан сөзді белгілеңіз.
   A) Сәуле.
   B) Күн.
   C) Шуақ.
   D) Дүние.
   E) Дәм.
4. Қосымшаның қанша болатынын көрсетіңіз.
   A) 1
   B) 4
   C) 2
   D) 5
   E) 3
5. Табыс септігінің жасырын тұрған жалғауын табыңыз.
   A) Сәуір айы.
   B) Жүк көтеру.
   C) Адам ету.
   D) Ала таяқ.
   E) Ел қуанышы.
6. «Көл» сөзі қай қатарға жататынын табыңыз.
   A) Күрделі.
   B) Жалқы есім.
   C) Жалпы есім.
   D) Дерексіз сөз.
   E) Туынды.
7. Есімдік мағынасына қарай нешеге бөлінетінін айтыңыз.
   A) 8.
   B) 2.
   C) 3.
   D) 6.
   E) 7.

8. Етістіктің қалау рай түрінде келуін табыңыз.
   A) Бармақ болды.
   B) Құшақтағым келеді.
   C) Ойнап еді.
   D) Тапсырды.
   E) Бел асып кетті.
9. Көңіл-күй одағайын табыңыз.
   A) Алақай.
   B) Сөйтіп.
   C) Моһ-моһ.
   D) Айт.
   E) Арман.
10. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
   A) Сөндіру, өшіру, жағу.
   B) Жирен, бозғылт.
   C) Ақсаңдау, сылту, шойнаңдау.
   D) Мылжың, үндемес.
   E) Сотқар, бұзақы, тәртіпті.
11. Кейінді ықпалды көрсетіңіз.
   A) Талдырмаш.
   B) Қара қоңыз.
   C) Айтып бар.
   D) Жанғазы.
   E) Сұлулық.
12. Қосарлану арқылы жасалған сын есімді табыңыз.
   A) Кебеже қарын, көк көйлекті.
   B) Қызыл ала, ұзын бойлы.
   C) Орта жаста, қара тонды.
   D) Өте әдемі, нағыз адал.
   E) Үлкенді кішілі, ақтылы қаралы.
13. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөзді көрсетіңіз.
   A) Тіпті ұзақ.
   B) Жаңа келді.
   C) Арбаңдаған қимыл.
   D) Осыншама кісі.
   E) Сонша көп.
14. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Татулық-табылмас байлық.
   B) Әй, шырағым, ар жағында әкең тұр.
   C) Еңбек мұратқа жеткізер.
   D) Иә, мен көк төбет болсам, сендер көп итсіңдер.
   E) Сірә да, бұл сөзіңіз естен кетпес.

15. Зат есімді тіркесті табыңыз.
   A) Сағын сындырды.
   B) Күміс білезік.
   C) Ол жазып отыр.
   D) Он жеті мың.
   E) Оқыған менмін.
16. Жақты сөйлемді табыңыз.
   A) Орындалған арман.
   B) Нариман саумал қымызды тамсана ішті.
   C) Сараның қалаға баруына тура келді.
   D) Бұдан еш нәтиже шығаруға болмайды.
   E) Бұл іспен шатастыруға болмайды.
17. Қарсылықты салаласты табыңыз.
   A) Отан оттан да ыстық.
   B) Қостың ар жағынан қара кер аттың басындағы жүген сылдырлады, шөп суылдады.
   C) Күн жауып кетті,- оны білген ешкім болған жоқ.
   D) Қыс келді.
   E) Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын.
18. Қыстырма сөзді сөйлемді табыңыз.
   A) Жоқ, жай шошынғаны ма?
   B) Бәрекелді, мына қызықты қараңыз.
   C) Балалары, біз, тірі тұрсақ, кедейшілік көрсетпеспіз.
   D) Жеңеше, сөзің қандай мәнді.
   E) Бұған, айталық, екі литр су керек.
19. Төл сөзді сөйлемді белгілеңіз.
   A) "Абай жолын" оқыдым.
   B) Еңбек – ана, білім – қазына.
   C) Өмірде болғандығын айтыпты-мыс.
   D) "Өзі күйіп жүрген жанымды күйдірме,"-деді.
   E) "Парасат" журналынан жазып алдым.
20. Кәсіби сөзді көрсетіңіз.
   A) Тыңла.
   B) Әңгелек.
   C) Бала.
   D) Азон.
   E) Сұрғылт.
21. Еліктеу сөзбен тұрған тіркесті көрсетіңіз.
   A) Қиқаң-қиқаң етті.
   B) Жан-жануар көп.
   C) Сендер үйге келіңдер.
   D) Үй-үйімізге тарадық.
   E) Күз келді.

22. Сөйлемде неше тұрақты сөз тіркесі кездесетінін белгіленіз.
*Еркін тұрган жерде аузына құм құйылатын әдеті.*
A) 1
B) 3
C) 5
D) 4
E) 2

23. Толымсыз сөйлемде түсіріліп тұрған мүшені көрсетіңіз
Құстардың көп түрі кездеседі
A) Толықтауыш
B) Анықтауыш
C) Бастауыш
D) Пысықтауыш
E) Баяндауыш

24. Тырнақшаның қойылу себебін анықтап, дұрысын табыңыз.
*Сарқылмас сөзі таудың бұлагындай,*
*Сиқыр сөз көлдің сұлу құрагындай.*
*Жортады желмаядай шал кеңеске,*
*"Осылай болган екен, шырагым-ай".*
A) Мақал.
B) Мәтел.
C) Дәйексөз.
D) Сөйлем ішіндегі төлеу сөз.
E) Өлең ішіндегі төл сөз.

25. XIV-XVI ғасырлар аралығында өмір сүрген қазақ шешендерін анықтаңыз.
A) Б.Адамбаев, С.Негімов.
B) Абай, Ыбырай.
C) Майқы би, Аяз би.
D) Асан қайғы, Жиренше шешен.
E) Төле, Қазыбек, Әйтеке би.

## 17-нұсқа

1. Тура мағыналы сөзді көрсетіңіз.
   A) Бала бетін сабындап жуды.
   B) Бел шешіп кіріс.
   C) Бет алысы жаман.
   D) Жау беті қайтарылды.
   E) Бастан құлақ садаға.
2. Ашық дауыстылы сөзді көрсетіңіз.
   A) Бұлбұл.
   B) Сәні.
   C) Жарыс.
   D) Ардақ.
   E) Киім.
3. ''Ң'' қандай дауыссыз дыбыс, дұрысын табыңыз.
   A) Ұяң дауыссыз дыбыс.
   B) Жіңішке сөзге ғана жазылатын дауыссыз.
   C) Қатаң дауыссыз дыбыс.
   D) Жуан сөзде ғана жазылатын дауыссыз.
   E) Үнді дауыссыз дыбыс.
4. Туынды түбірді табыңыз.
   A) Айтыс.
   B) Дос.
   C) Жол.
   D) Аяқ.
   E) Жеті.
5. Тәуелдік жалғауын белгілеңіз.
   A) -мын, -мін, -бын, -бін
   B) -ға, -ге, -қа, -ке
   C) -лар, -лер, -дар, -дер
   D) -мен, -бен, -пен
   E) -ым, -ім, -м
6. Дара есімдікті табыңыз.
   A) Әр түрлі.
   B) Әлденеше.
   C) Өзіміз.
   D) Бірін-бірі.
   E) Бір мезгілде.

7. Табыс жалғауын қажет ететін сабақты етістікті табыңыз.
   A) Ашулан.
   B) Жүгір.
   C) Емдел.
   D) Тағала.
   E) Еркеле.
8. Еліктеу сөзден жасалған қос сөзді табыңыз.
   A) Ат-мат.
   B) Жалт-жұлт.
   C) Әке-шеше.
   D) Бала-шаға.
   E) Қап-қара.
9. Көңіл-күй одағайын табыңыз.
   A) Кә-кә.
   B) Әрине.
   C) Демек.
   D) Әттеген-ай.
   E) Рас.
10. Синонимдік қатарды анықтаңыз.
    A) Аласа, қортық, тапал.
    B) Шағын, алыс, шалғай.
    C) Ауыр, жеңіл, таза.
    D) Жоғары, биік, төмен.
    E) Тоқсан, жыл, ай.
11. Ілгерінді ықпалды табыңыз.
    A) Сейсенбай.
    B) Қазақфильм.
    C) Егеуқұйрық.
    D) Адыраспан.
    E) Демалыс.
12. Сын есімнің салыстырмалы түрін көрсетіңіз.
    A) Ауыр.
    B) Ірірек.
    C) Қара.
    D) Жеп-жеңіл.
    E) Аса көркем.

13. Үстеуден жасалып тұрған туынды үстеуді табыңыз.
   A) Сеніңше.
   B) Қазақша.
   C) Соншалық.
   D) Баяу.
   E) Бұлбұлдайын.
14. Шылаулардың мәні мен қызметіне қарай бөлінуін табыңыз.
   A) Хабарлы, сұраулы, лепті.
   B) Сапалық, септеулік, қатыстық.
   C) Демеулік, жалғаулық, сұраулық.
   D) Септеулік, жалғаулық, демеулік.
   E) Болжалдық, сұраулық, жалғаулық.
15. Қабыса байланысқан сөз тіркесін белгілеңіз.
   A) Біздің үйіміз.
   B) Өзіміздің жігіттер.
   C) Түске шейін бітіру.
   D) Шоқпыт лашықтар.
   E) Жақсылығынды үйрет.
16. Талғаулы жалғаулық арқылы байланысып тұрған бірыңғай мүшелі сөйлемді табыңыз.
   A) Оның қасында Мұхит пен Жарқын, Қатира мен Ханбибі де бар еді.
   B) Ол я бөлең, я жиенің - әйтеуір саған ұқсас еді.
   C) Қарағай, қайың, терек біздің жерде көбірек кездеседі.
   D) Ел сөзі - әрі мақтан, әрі міндет.
   E) Бұл - қысқа, бірақ қызық әңгіме.
17. Себеп бағыныңқы сабақтасты табыңыз.
   A) Еңбек етсең ерінбей,
      Тояды қарның тіленбей.
   B) Бұлар үйге кірсе, екі бөлмелі үйдің іші лық толған қыз-бозбала екен.
   C) Жыланды үш кессе де, кесірткедей қуаты бар дегені қайда?
   D) Қарап отырғанша хат жазайын деп, қалам-қағазымды ала келдім.
   E) Абай әкесінің бұнымен сөйлесетін сөзі жоқ екенін білгендіктен, күні бойы үнсіз отырды.

18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
   A) Қыздар, бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
   B) Қыздар бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
   C) Қыздар: бос әңгімені қайтесіңдер, сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
   D) Қыздар - бос әңгімені қайтесіңдер сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
   E) Қыздар - бос әңгімені қайтесіңдер - сендер маған институт жаңалығын айтпадыңдар ғой.
19. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрса, тыныс белгісі қалай қойылатынын белгілеңіз.
   *Өмір сүру енді соншалықты қызық та оңай ғой деп Инеш Мәкенге қарады.*
   A) Төл сөз - автор сөзі.
   B) Төл сөз: автор сөзі.
   C) "Төл сөз" автор сөзі.
   D) "Төл сөз": автор сөзі.
   E) "Төл сөз,"- автор сөзі.
20. "Сым", "дәліз" қандай мағыналық топқа жататынын көрсетіңіз.
   A) Ауыспалы сөз.
   B) Көп мағыналы сөз.
   C) Диалект.
   D) Синоним.
   E) Кәсіби.
21. Көмекші есімнің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.
   *Тау басынан түсіп келеміз.*
   A) Табыс.
   B) Атау.
   C) Шығыс.
   D) Барыс.
   E) Ілік.
22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
   A) Ол киімдерін шүберекке түйіп алды.
   B) Бала түйілген бір нәрсені Бөрібайға ұсынды.
   C) Мен көрген-білгенімді, түйгенімді айтып бердім.
   D) Дүйсенбай қабағын түйді.
   E) Атасы-ағаштан түйін түйген адам.

23. Сөйлем түрін анықтаңыз.

*Бұрын сыныпта, балалар арасында, өзін өзгеше биік санайтын оның осы арада бірінші рет сағы сынды.*

A) Жалаң.
B) Атаулы.
C) Жақты.
D) Құрмалас.
E) Жақсыз.

24. Қай жердегі тыныс белгісі дұрыс қойылғанын табыңыз.

A) Есіктің киізін олай итерем, былай итерем,- ашылмайды.
B) Есіктің киізін олай итерем- былай итерем, ашылмайды.
C) Есіктің киізін олай итерем; былай итерем; ашылмайды.
D) Есіктің киізін олай итерем, былай итерем, ашылмайды.
E) Есіктің киізін олай итерем: былай итерем, ашылмайды.

25. Стильдің анықтамасын табыңыз.

A) Көркем сөйлеу әдебі, мәнерлеп айту жүйесі.
B) Сөйлей білудің және жазу мәнерінің қалыптасқан жүйесі, амал-тәсілі.
C) Сөйлей білу үшін қолданылатын құралдар туралы ілім.
D) Ауызша сөйлеу әдебі.
E) Жазу мәдениеті, көне сөздерді қолдану тәсілі.

# 18-нұсқа

1. Архаизмді тіркесті табыңыз.
   A) Жол үсті.
   B) Күпі киді.
   C) Жазық дала.
   D) Қиын сөз.
   E) Сөз құдіреті.
2. Езулік дауыстыны көрсетіңіз.
   A) о
   B) а
   C) ұ
   D) ө
   E) у
3. Дауыссыз дыбыстарды белгілеңіз.
   A) Г,Д,Р.
   B) О,Ө,Қ.
   C) А,В,С.
   D) Ө,Е,Э.
   E) Ы,І,И.
4. Жалғаудың неше түрі барын көрсетіңіз.
   A) 5
   B) 4
   C) 2
   D) 6
   E) 3
5. Күрделі сөзді табыңыз.
   A) Оқушылық.
   B) Көгілдір.
   C) Миллион.
   D) Өңіржиек.
   E) Таласты.
6. Болымсыздық есімдігін табыңыз.
   A) Кімдер.
   B) Кімде-кім.
   C) Ешкім.
   D) Әлдекім.
   E) Қайсыбір.
7. Ортақ етісті табыңыз.
   A) Жинасты.
   B) Барды.
   C) Бардырды.
   D) Барылды.
   E) Барғызды.

8. Бейнелеуіш сөз қатысқан тіркесті анықтаңыз.
   A) Ырс етті.
   B) Қайқаң етті.
   C) Тарс етті.
   D) Саңқ етті.
   E) Гүрс етті.
9. Одағайға байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Жүрегім, ойбай соқпа енді…
   B) Сыналар, ей жігіттер, келді кезің.
   C) Өй Жиренше, жаңағы осы Қодар кім?
   D) Япырау әттеген-ай, атын сұрамаппын ғой!
   E) Уа, шіркін, ән деп осыны айт!
10. Антонимдік жұпты көрсетіңіз.
   A) Қайырлы - құтты.
   B) Зулау - гулеу.
   C) Тосыннан - ғайыптан.
   D) Майысу - бүгілу.
   E) Пайда - зиян.
11. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.
   A) Ақ лақ.
   B) Өнерпаз.
   C) Ыстығы.
   D) Сөзшең.
   E) Отыра қал.
12. Күрделі сөзді табыңыз.
   A) Техникамен жабдықтау.
   B) Ақ алмас.
   C) Балалармен әңгімелесу.
   D) Қою қара сақалды.
   E) Азуы алты қарыс.
13. Үстеу түрін белгілеңіз.
   *Жорта, қасақана*
   A) Мөлшер
   B) Мезгіл.
   C) Мақсат.
   D) Мекен.
   E) Қимыл.
14. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Иә, Сейіл, солай!
   B) Ол әрі қаламмен, әрі қарындашпен жазып отыр.
   C) Адал достық алтыннан қымбат.
   D) Болашақ адамның бақыты білімде.
   E) Біздің хал солай екені рас.

15. Меңгеріле байланысқан сөздерді табыңыз:
A) Ардақты азамат.
B) Төнті болды.
C) Қатты суық.
D) Ерекше қадам.
E) Отынды кіргізді.
16. Анықтауыш қызметіндегі зат есімді табыңыз.
A) Еңбегің бағалануы тиіс.
B) Антонның ұмытпағандығына Асқар қайран қалды.
C) Ақпанда борап соқты қар,
Шілдеде қайнап төнді күн.
D) Ол биыл 5-сыныпқа көшеді.
E) Өлімнен ұят күшті.
17. Жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлемді көрсетіңіз.
A) Жел соқты, қар жауды.
B) Теңіз тынышталды, бірақ еш нәрсе көрінбейді.
C) Ол шнурды тартып қалып еді, трактор гүрілдей жөнелді.
D) Кітап - білім бұлағы, білім-өмір шырағы.
E) Ең сенімді су - жер астынікі, оны іздеп табу керек.
18. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз.
A) Өй, балам-ау мына жер - жау жатағы.
B) Өй, балам-ау, мына жер - жау жатағы.
C) Өй, балам-ау - мына жер жау жатағы.
D) Өй, балам-ау - мына жер, жау жатағы.
E) Өй - балам-ау - мына жер жау жатағы.
19. Диалогтің анықтамасын көрсетіңіз.
A) Екі адамның тіл қатысуы
B) Біреудің сөзін мазмұнын сақтай отырып жеткізу
C) Жергілікті бір аймақта ғана қолданылатын сөз
D) Біреудің айтқан сөзін айнытпай беру
E) Қарату, көңіл аудару мақсатында айтылған сөз
20. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
A) Торлама кестең әдемі-ақ.
B) Торлама қауынның ғажап иісі аңқиды.
C) Жігітті ой торлап, ұйқысы шайдай ашылды.
D) Шілтерлі кестені торлап тоқыпты.
E) Жігіттің иығында аузы торланған қоржын.
21. Көмекші есім қай септікте, белгілеңіз.
*Жандос үй ішімен ұзақ әңгімелесті.*
A) Көмектес.
B) Жатыс.
C) Шығыс.
D) Атау.
E) Барыс.

22. Жалғыз, жалқы сөзімен синонимдес сан есім түрінің атауын табыңыз.
    A) Топтау.
    B) Бөлшектік.
    C) Болжалдық.
    D) Есептік.
    E) Реттік.
23. Фразеологизмді көрсетіңіз.
    A) Жазира дала.
    B) Шежірелі ел.
    C) Қолы ашық.
    D) Жол мұраты.
    E) Жақын туыс.
24. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
    A) Абай шығармаларынан үзінді келтірді.
    B) Мөлдір бұлақ.
    C) Ердостың атқа мінгісі келді.
    D) Асанмен бес жыл бірге оқыдым.
    E) Қызықты кітап.
25. Түркі халықтарының ежелгі жазуын табыңыз.
    A) Латын.
    B) Орхон-Енисей.
    C) Орыс.
    D) Ескі славян.
    E) Араб.

## 19-нұсқа

1. Математика ғылымының термин сөзін табыңыз.
   A) Депутат.
   B) Департамент.
   C) Абсолюттік шама.
   D) Циклон.
   E) Қос нүкте.
2. Қате жазылған сөзді табыңыз.
   A) Теңді буу.
   B) Көмірді тасыу.
   C) Өнерді игеру.
   D) Үйді жабу.
   E) Көрпені қабу.
3. Қатаң мен ұяң дауыссыздар қатар тұрған сөзді табыңыз.
   A) Тоқтау.
   B) Талдау.
   C) Ырысжан.
   D) Арнау.
   E) Әдепті.
4. Түбірлес сөздерді табыңыз.
   A) Қарақұрт, шаян.
   B) Жолдас, дос.
   C) Өнім, өндіргіш.
   D) Серік, ғарыш.
   E) АҚШ, Қаз ҰМУ.
5. «Белбеу» сөзін қай қатарға жатқызамыз, дұрысын көрсетіңіз.
   A) Дара сөз.
   B) Қысқарған сөз.
   C) Қос сөз.
   D) Тіркесті сөз.
   E) Біріккен сөз.
6. Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз.
   A) Отыздарда.
   B) Ешқайсысы.
   C) Әлдеқайда.
   D) Жайраңда.
   E) Әсемпаз.
7. Ауыспалы осы шақта тұрған сөзді табыңыз.
   A) Өсірмекпіз.
   B) Өспекші.
   C) Өсірген.
   D) Өсіріпті.
   E) Өсіреміз.

8. Бейнелік мағынаны білдіретін сөздерді табыңыз.
   A) Аудандық, мейрамхана.
   B) Тырс-тырс, дүңк.
   C) Отыр, жазғыз.
   D) Кейбір, әлдене.
   E) Ебелең-ебелең, селтең-селтең.
9. Стиль түрін ажыратыңыз.
   *«Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады.»*
   A) Көркем әдебиет.
   B) Ауызекі сөйлеу.
   C) Публицистикалық.
   D) Іс-қағаздар.
   E) Ғылыми стиль.
10. Омоним сөзді табыңыз.
   A) Тез.
   B) Гүл.
   C) Аласа.
   D) Той.
   E) Жанжал.
11. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды белгілеңіз.
   A) Таусоғар мен Нансоғар.
   B) Ұлытауға шықтың ба?
   C) Көкшетау – жердің жұмағы.
   D) Бөріасқан тауы әлі алда.
   E) Бозторғай – дала құсы.
12. Мына қос сөздердің ішінен екі сыңары да мағынасыз қос сөзді табыңыз.
   A) Жүн-жұрқа.
   B) Туған-туыс.
   C) Тоқты-торым.
   D) Анда-санда.
   E) Құрбы-құрдас.
13. Сапалық сын есім дегеніміз не, табыңыз.
   A) Іс-әрекет қимылдың сынын білдіреді.
   B) Заттың сынын салыстырады.
   C) Шырай арқылы түрлене алмайтын сын есім.
   D) Сын есімнің заттық мағынаға ие болуы.
   E) Заттың сынын тікелей білдіреді.
14. Сан есімді сөз тіркесін табыңыз.
   A) Бір-екі рет ескертті.
   B) Қадала қарады.
   C) Ұйқысыз өткізді.
   D) Мылтық ату – өнер.
   E) Керектігін ескертті.

15. Шылауды табыңыз.
Бүгін екеуі жиналыстан кейін кезіге алмайды.
A) екеуі кезіге алмайды.
B) Бүгін екеуі.
C) бүгін кезіге алмайды.
D) жиналыстан кейін.
E) кезіге алмайды.
16. Сөз тіркесіндегі меңгеруді табыңыз.
A) Гүл өсті.
B) Баланың добы.
C) Егінді дала.
D) Торы ала ат.
E) Әжесін ойлады.
17. Дара бастауышы бар сөйлемді табыңыз.
A) Төрт жердегі төрт – он алты.
B) Келе жатқан – Жамал.
C) Республика сарайы адамға лық толды.
D) Оның еңбегі жанды.
E) Ұлжан – сыншыл адам.
18. Жалғаулықсыз себеп-салдар салалас сөйлемді табыңыз.
A) Қойға енді біз иеміз, сондықтан жұмысқа деген жауапкершілікті арттыруымыз керек.
B) Құрметті адамның сөзі жоғары игілікке қызмет етеді: жорамалдап айта алмайды, шындықты айтады.
C) Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, себебі ол қардың суы секілді тез суалар.
D) Гүлдерге су уақытында құйылып, күтіліп отыратындықтан, жақсы өсіп келеді.
E) Жүрген жерін білетін шығар, өйткені ол да Жайық бетінен келді.
19. Қыстырма сөзді табыңыз.
A) Ту-у! Неткен жансың.
B) Ей, бері қара, балам.
C) Шырағым.
D) Қарттардың айтуына қарағанда, шындық болар.
E) Бейшара-ау! Тезірек жетсеңші.
20. ''Биік'' сөзінің синонимін көрсетіңіз.
A) Өткір, қырлы.
B) Ұзын, биіктеу.
C) Бойшаң, өсімтал.
D) Беталыс, мекен.
E) Зәулім, асқар.

21. Үстеудің құрамдық түрін белгілеңіз.
*Кей күні бара алмаймын.*
A) Зат есім, сын есім.
B) Есімдік, зат есім.
C) Зат есім, етістік.
D) Етістік, зат есім.
E) Күрделі етістік.

22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
A) Қыздың сөзі түйеден түскендей екен.
B) Түйеге жабу жабылды.
C) Маң-маң басқан түйелер кетіп барады.
D) Жігіт түйедей ірі екен.
E) Түйем шықты өріске.

23. Жақсыз сөйлемді табыңыз.
A) Әсел үйге кіріп келді.
B) Бізге уақытты ұту керек.
C) Біз балабақшаға келе жатырмыз.
D) Күлкілі әңгіме.
E) Таң да атты.

24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді сөйлемді табыңыз.
A) – Немене ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдің бе,- деп сұрады.
B) – Немене ақсақал Спандиярды оқуға әкелдің бе? деп, сұрады.
C) – Немене, ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдің бе?, деп сұрады.
D) – Немене, ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдің бе, деп сұрады.
E) – Немене, ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдің бе?-деп сұрады.

25. Дефис дұрыс қойылған орынды белгілеңіз.
A) Алты аласы-бес бересі.
B) Микро-биология.
C) Ежелгі-дос.
D) Турсун-заде.
E) Жүре-сөйлеу.

## 20-нұсқа

1. Тура мағыналы сөзді табыңыз.
   A) Істің көзін табады.
   B) Елдің көзі көрген.
   C) Бұлақтың көзі.
   D) Әкесінің көзіндей.
   E) Өз көзімен көрді.
2. Дауысты дыбысты көрсетіңіз.
   A) П, р, ф.
   B) Х, ң, һ.
   C) К, т, с.
   D) Ы, ұ, о.
   E) Л, м, н.
3. Үндіден басталып, үндіге аяқталған сөзді табыңыз.
   A) Олар.
   B) Сен.
   C) Мен.
   D) Біз.
   E) Сіз.
4. Зат есімнен сын есім жасап тұрған жұрнақты табыңыз.
   A) Баспахана үйі.
   B) Биіктеу адам.
   C) Кішкене төбешік.
   D) Сыпайы бала.
   E) Малды ауыл.
5. Ілік септігі мен тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.
   A) Анаға сәлем.
   B) Кітапты беру.
   C) Колхоздың малы.
   D) Ауылдан келген.
   E) Қалаға бару.
6. Бір ғана түбірден жасалатын есімдіктің түрін табыңыз.
   A) Жіктеу.
   B) Өздік.
   C) Сұрау.
   D) Жалпылау.
   E) Сілтеу.
7. Болымсыз етістікті көрсетіңіз.
   A) Жүр.
   B) Отыр.
   C) Келмес.
   D) Барар.
   E) Оқыр.

8. Дыбыстық еліктеуіш сөзді анықтаңыз.
   A) Бүгжең.
   B) Қиқаң.
   C) Далаң.
   D) Тыржың.
   E) Тырс.
9. Мына сөйлемдердің қайсысы ғылыми стильге жататынын анықтаңыз.
   A) Әр халықтың өзінше жаңа жылы, жыл басы болады.
   B) Президент республика халқын жаңа жылмен құттықтады.
   C) Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады.
   D) Қайдан келуші ем? Сендерді іздеп келдім.
   E) Күнге бәрінен де жақын бірінші шеңбер жолында Меркурий тұрады.
10. Антонимдік жұпты көрсетіңіз.
   A) Жуас - асау.
   B) Межелеу - мөлшерлеу.
   C) Көңіл - назар.
   D) Жіңішке - талдырмаш.
   E) Егде - мосқал.
11. Сөз ішіндегі кейінді ықпалды табыңыз.
   A) Кеше ғана.
   B) Жақсы жар.
   C) Қарт ата.
   D) Табиғат ана.
   E) Жанға рақат.
12. Заттық ұғымда тұрған сөзді көрсетіңіз.
   A) Бойшаң, ұзын, қысқа.
   B) Су, от, орман.
   C) Сұлу, таза, жақсы.
   D) Кетті, сөйледі, көрді.
   E) Кеше, бүгін, ертең.
13. Салыстырмалы шырайда тұрған сөзді табыңыз.
   A) Тым кішкене доп.
   B) Жап-жақсы кісі.
   C) Кішілеу қазан.
   D) Өте әдемі.
   E) Биік үй.
14. Күрделі сөзді табыңыз.
   A) Аруақ ату.
   B) Құдыққа суға бару.
   C) Ауырлығы балғадай.
   D) Жүрегінің түгі бар.
   E) Жүзден отыз бес.

15. Шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
   A) Рақым мен әйелі Ақлимамен бірге кетті.
   B) Сонымен мен пьеса жазамын.
   C) Қызыл алманың қышқылы бар.
   D) Өзен бойындағы ауыл таң атысымен көзге түседі.
   E) Ашуың келсе, қолың тарт.
16. Матасуды табыңыз.
   A) Өмірге құштарлық.
   B) Апта сайын келу.
   C) Оқуға ықыласты.
   D) Басты байланыс.
   E) Ағаштың бұтағы.
17. Есімдіктен болып тұрған бастауышты табыңыз.
   A) Алты - жұп сан.
   B) Менің әжем - дана адам.
   C) Ертең кел.
   D) Ерте кеш жақсы.
   E) Ол - әкем.
18. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.
   A) Шай жиналысымен, қонақтарды Мырзаш шақырып әкетті.
   B) Жақыпбек шәкірттерге тамашалай қараса, Бану Жақыпбекке тамашалай қарайды.
   C) Сапар бұған қарсылық білдірместен, Жарқын нұсқаған тұсқа барды.
   D) Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті.
   E) Күн жылынып, қар еріді.
19. Қаратпа сөз қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.
   A) Ойбай, Жоламанның дүмпуі ғой.
   B) Азамат екенсің ғой, Иса!
   C) Ол – мұғалім.
   D) Үшінші, орысты айттыңыз.
   E) Өзі осында келіп пе, сірә?
20. Бірыңғай диалект сөздерден тұрған қатарды көрсетіңіз.
   A) Айыр, күрек, тырма.
   B) Өнеркәсіп, сым, леген.
   C) Шәугім, шаппа, меш.
   D) Әдемі, көркем, сұлу.
   E) Табан, бекіре, шортан.
21. Туынды үстеу жасайтын жұрнақты көрсетіңіз.
   A) -ды, -ді, -ты, -ті, -шы, -ші.
   B) -дыр, -дір, -тыр, -тір.
   C) -қыз, -ғыз, -кіз, -гіз.
   D) -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, тей.
   E) -ыт, -іт, -т.

22. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
    A) Баласының үстіндегі көрпесін тартып жапты.
    B) Ақ орамал тартқан әйелдер бар.
    C) Өсерсің, ат жалын тартып мінерсің.
    D) Нұрыш шешесіне ұқсаған.
    E) Адамды жер асты байлығы тартады.
23. Жайылма жасап тұрған сөйлем мүшесін анықтаңыз.
    *Мен бақытты көрсем деуші едім.*
    A) Анықтауыш
    B) Баяндауыш
    C) Толықтауыш
    D) Пысықтауыш
    E) Бастауыш
24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді белгілеңіз.
    A) – Рахмет ақсақал қош болыңыз,- деп меңгеруші бізді шығарып салды.
    B) – Рахмет ақсақал, қош болыңыз – деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
    C) – Рахмет, ақсақал, қош болыңыз деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
    D) – Рахмет, ақсақал, қош болыңыз,- деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
    E) Рахмет ақсақал қош болыңыз! - деп меңгеруші бізді шығарып салды.
25. Үтірдің қойылу себебін белгілеңіз.
    *Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан.*
    A) Қыстырма сөз.
    B) Айқындауыш.
    C) Оқшау сөз.
    D) Құрмалас.
    E) Бірыңғай мүше.

# Дұрыс жауап кілттері

| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | C | A | C | B | E | B | C | C | B | C | D | C | E | D | B | C | D | A | C | E | B | A | C | C | E |
| **2** | B | C | B | A | A | D | D | B | A | A | A | B | E | D | D | C | C | D | A | E | C | A | D | B | E |
| **3** | A | E | A | B | A | C | B | A | B | D | D | C | E | E | A | A | B | E | D | D | A | D | C | D | C |
| **4** | E | D | A | B | C | E | A | D | E | D | E | A | A | D | B | C | B | C | D | E | A | E | C | A | A |
| **5** | A | E | B | D | B | D | B | C | D | B | C | E | B | A | A | E | A | C | C | E | C | D | D | B | A |
| **6** | E | C | C | D | A | C | A | E | A | A | B | D | C | E | D | E | D | B | E | B | D | C | E | D | C |
| **7** | C | E | D | E | A | D | E | D | A | B | D | A | C | D | E | B | C | A | C | A | A | B | C | A | A |
| **8** | C | A | C | A | B | A | D | B | E | B | A | A | E | C | B | C | D | D | A | E | C | C | D | E | C |
| **9** | E | C | C | E | E | D | D | E | C | B | B | A | B | B | A | A | A | E | D | C | E | D | E | D | A |
| **10** | E | B | D | D | A | D | B | E | C | B | A | A | D | C | B | B | B | A | C | A | A | A | E | E | A |
| **11** | A | E | D | C | D | E | B | B | A | E | D | D | B | C | B | D | E | B | A | E | C | E | E | B | A |
| **12** | D | B | B | E | D | D | D | C | A | B | B | D | B | B | D | B | A | D | C | C | B | B | C | E | B |
| **13** | E | E | E | B | E | B | C | C | D | C | E | D | B | A | E | E | D | D | D | D | C | D | A | B | C |
| **14** | E | E | C | A | A | C | A | B | C | B | D | A | A | C | C | A | A | C | B | B | E | C | A | C | C |
| **15** | E | B | B | E | A | E | C | A | C | D | C | A | B | C | C | C | B | D | A | E | D | B | D | A | A |
| **16** | C | A | C | C | B | C | E | B | A | C | D | E | A | E | B | B | C | E | D | B | A | A | D | E | D |
| **17** | A | D | E | A | E | C | D | B | D | A | C | B | C | D | D | B | E | A | E | C | C | E | E | A | B |
| **18** | B | B | A | B | D | C | A | B | E | E | E | D | C | B | E | B | B | B | A | C | A | D | C | C | B |
| **19** | C | B | C | C | E | B | E | E | E | D | D | D | E | A | D | E | E | B | D | E | B | A | B | E | D |
| **20** | E | D | C | E | C | B | C | E | E | A | E | B | C | E | A | E | E | D | B | C | D | C | C | D | B |

## II бөлім
## Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмалары

### 1-нұсқа

**1.** Омоним болатын қатарды белгілеңіз.
1) Айт, отыр, кел.
2) Ас, адам, кісі.
3) Ат, бас, киім.
4) Қара, сана, жүз.
5) Бес, бір, жүр.
6) Арық, ой, саусақ.
7) Ат, мал, ес.
8) Жаз, қыс, шық.

**2.** Көнерген сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
1) Абай даңғылымен келеміз.
2) Бізді Омар қарсы алды.
3) Шашына күмістен шашбау тағып алыпты.
4) Ақсақалды қарияға сәлем берді.
5) Ол қобызда жақсы ойнайды.
6) Таза ауада жүріп қайттым.
7) Ант- бұлжытпас заң.
8) Жақсы сөз -жарым ырыс

**3.** Үнді дауыссыз қатысқан сөздер қатарын белгілеңіз.
1) Тас, мектеп.
2) Мен, сен.
3) Бес, алты.
4) Арай, лай.
5) Мешіт, екі.
6) Он, жеті.
7) Алау, аң.
8) Ана, ене.

**4.** Сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды табыңыз.
1) Қай көше.
2) Көк аспан.
3) Жеті ағаш.
4) Үш саусақ.
5) Ақ қайың.
6) Екі күн.
7) Атың кім.
8) Таза су.

**5.** Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.
1) Адамға, шөптер.
2) Көшеге, елім.
3) Жеріме, көліме.
4) Сауыншы, тәрбиелі.
5) Әкем, білім.
6) Үйің, мекенің.
7) Үлгілі, білгіш.
8) Кітап, дәптер.

**6.** Жалқы есім қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Биыл астық мол жиналды.
2) Қарт шопанның жастарға айтары мол.
3) «Зерде» журналын сүйіп оқимын.
4) Арал тағдыры – менің тағдырым.
5) Ол бүгін мектепке ерте келді.
6) Табиғатты қорғау – парызың.
7) Елімнің болашағына сенемін.
8) Жақсы бала- ана көркі.

**7.** Туынды сын есімді тіркесті көрсетіңіз.
1) Терең сезім.
2) Шыдамды жігіт.
3) Жүйрік ат.
4) Жалқау бала.
5) Ұшқыр ой.
6) Үлкен талап.
7) Орманды жер.
8) Зерек оқушы.

**8.** Болжалдық сан есімді тіркесті көрсетіңіз.
1) Бірінші орын.
2) Жетеуден жүгірді.
3) Бірнеше дәптер.
4) Сексендей қой.
5) Мыңдаған мал.
6) Екіден бөлінді.
7) Бес жүз ағаш.
8) Алтыншы сынып.

**9.** Бастауышы есімдіктен болған сөйлемді белгілеңіз.
1) Әкем маған сыйлық әкелді.
2) Мен еңбекті бағалаймын.
3) Әлижан спортпен айналысады.
4) Біреу есік қаққандай болды.

5) Жолаушылар жолға шықты.
6) Мұғалім оқулық таратып берді.
7) Олар мектепке ерте келді.
8) Күннің сәулесі төгіліп тұр.

**10.** Күрделі етістік қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Нұрай суретті әр түрлі бояумен салды.
2) Наурыз мейрамына жақсы дайындалған екен.
3) Бүгінгі жиынға жастар көп жиналды.
4) Табиғатқа қамқорлық көрсету – парызың.
5) Рахим шаңғы тепкенді ұнатады.
6) Ол досына арнап сыйлық алды.
7) Жақсы сөз жараны жазады.
8) Ақтөбеде өндіріс орындары ашылды.

**11.** Мөлшер үстеудің сұрақтарын көрсетіңіз.
1) Қанша? Қаншама?
2) Қалай? Қайтіп?
3) Қалайша? Кімше?
4) Неге? Қалай?
5) Қайда? Қайдан?
6) Қашан? Неге?
7) Қаншалық? Қаншалап?
8) Не себепті? Неге?

**12.** Одағай сөздерді белгілеңіз.
1) Әрине, бәлкім.
2) Әттең, қап.
3) Мүмкін, жоқ.
4) Сарт етті.
5) Тәйт, тек.
6) Тез, шапшаң.
7) Көс-көс, шөре-шөре.
8) Құлпырып тұр.

**13.** Есімді сөз тіркесін белгілеңіз.
1) Шынын айтты.
2) Сарт етті.
3) Кешегі оқиға.
4) Келе алмады.
5) Сырын айтты.
6) Тез жүрді.
7) Ұлы достық.
8) Қалаға қайтты.

**14.** Пысықтауышқа тән сұрақтарды белгілеңіз.
1) Қалай? Қайда?
2) Кімі? Несі?
3) Кімді? Нені?
4) Қанша? Неше?
5) Қандай? Қай?
6) Кімнің? Ненің?
7) Кім жөнінде?
8) Не жайында?

**15.** Пысықтауыш қатысқан сөйлемді белгілеңіз.
1) Ағаштар бүршік атты.
2) Ауа-райы салқындай бастады.
3) Ол бүгін мектепке ерте келді.
4) Әлижан – үлгілі оқушы.
5) Алтынай анасына хат жазды.
6) Биыл көктем жауынды болды.
7) Жақсы сөз – жарым ырыс.
8) Көпке топырақ шашпа.

**16.** Жақсыз сөйлемді табыңыз.
1) Нұрайдың ауылда қалғысы келмеді.
2) Алматы – көрікті қала.
3) Абай ұрпақтары Семейде тұрады.
4) Астық – біздің байлығымыз.
5) Ешқашан көп білемін деп мақтанба.
6) Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.
7) Сөз сүйектен өтеді.
8) Биыл көктем ерте шықты.

**17.** Сөйлемнің түрін анықтаңыз.
*Бидай құнарлы жерге егіледі және үнемі күтімді қажет етеді.*
1) Сабақтас шартты.
2) Салалас, түсіндірмелі.
3) Жай сөйлем.
4) Сабақтас сөйлем.
5) Салалас, ыңғайлас.
6) Сабақтас, қарсылықты.
7) Салалас, кезектес.
8) Аралас құрмалас.

**18.** Қаратпа сөз қатысқан сөйлемді белгілеңіз.
1) Сен қашан келдің?
2) Қала ұнады ма саған?
3) Қош, туған жер!

4) Әрине, шаршаған шығарсың?
5) Көп кешіктің ғой, балам.
6) Әттең, кешігіп қалдым!
7) Шындықты өзің айтарсың, бәлкім.
8) Сағындым туған жерімді!

**19.** Жетіспей тұрған тыныс белгісін белгілеңіз.
*Ірі өзендер мыналар Іле, Ертіс, Есіл.*
1) Нүкте.
2) Үтір.
3) Қос нүкте.
4) Жақша.
5) Көп нүкте.
6) Тырнақша.
7) Сызықша.
8) Дефис.

**20.** Қазақтың шешендік өнері кімдерден басталатынын белгілеңіз.
1) Жиренше.
2) Сырым би.
3) Төле би.
4) Асан қайғы.
5) Аяз би.
6) Жәнібек хан.
7) Майқы би.
8) Қазыбек би.

## 2-нұсқа

**1**. Синонимдік қатарды белгілеңіз.
1) Уәде, серт.
2) Адырна, қобыз.
3) Өткір, ұзын.
4) Ғұлама, кемеңгер.
5) Тіс жарма, үндеме.
6) Аудан, қала.
7) Оқыған, қызық.
8) Жіңішке, қисық.

**2**. Кәсіби сөздерді белгілеңіз.
1) Маңлай, пісте.
2) Қайыс, ұлтан.
3) Әкім, ғарыш.
4) Қоңсы, шекер.
5) Зілдей, ауыр.
6) Қоза, шиіт.
7) Шашбау, дуан.
8) Дәптер, сырға.

**3**. Қатаң дауыссыздар қатар тұрған сөздерді табыңыз.
1) Өскемен, Көкшетау.
2) Қарағанды, Зайсан.
3) Атырау, Жезқазған.
4) Тараз, Шымкент.
5) Алматы, Орал.
6) Астана, Ақтау.
7) Қызылорда, Кереку.
8) Оқжетпес, Ақтөбе.

**4.**Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
1) Сәлем – сөздің анасы.
2) Жақсы бала- шамшырақ.
3) Тіл буынсыз, ой түпсіз.
4) Ағаштың көркі- жапырақ.
5) Бал тамған тілден у да тамар.
6) Жақсы сөз - жарым ырыс.
8) Баланың көңлі далада.
9) Жақсы сөзді ақылды айтар.

**5.** Қосарлама қос сөз қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Ол тарс-тұрс дыбыстан оянды.
2) Сөйлей-сөйлей шешен боласың.
3) Ауылға қысы-жазы қатынап тұрдым.

4) Көре-көре көсем боласың.
5) Жауын нөсерлетіп көп жауды.
6) Алыстан оқта-текте машина гүрілі естіледі.
7) Балалар үйді-үйіне тарап кетті.
8) Қып- қызыл мына алманы-ай.

**6.** Жатыс септігінде тұрған зат есімді табыңыз.
1) Жерінде.
2) Жерге.
3) Жерлердің.
4) Жерде.
5) Жеріңе.
6) Жерімді.
7) Жершілдік.
8) Жерімнің.

**7.** Заттанған сын есім қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Жақсыға барсаң, жазылып қайтарсың.
2) Нұрай әжесіне әдемі гүл сыйлады.
3) Қос аққу көгілдір көл бетіне қонды.
4) Жақсы сөз жан семіртер.
5) Білімді жастарға ел сенеді.
6) Өтірік сөз өрге баспайды.
7) Күнделікті таза ауада серуендеген жақсы.
8) Ол бүгін жұмыстан кеш қайтты.

**8.** Есептік сан есімді белгілеңіз.
1) Екіден бір.
2) Он тоғыз.
3) Қырық екі.
4) Жүзге тарта.
5) Он-оннан.
6) Алтау.
7) Бесінші.
8) Сексен.

**9.** Жалпылау есімдігін табыңыз
1) Мен, бәрі.
2) Сен, еш кім.
3) Өзім, сендер.
4) Бәрі, барлығы.
5) Ешқашан, сол.
6) Біреу, олар.
7) Сіздер, біз.
8) Сол, бұл.

**10.** Ырықсыз етіс қатарын көрсетіңіз.
1) Көрме ашылды.
2) Өлең айтқызды.
3) Олар күресті.
4) Рахим жазғызды.
5) Тақтай шегеленді.
6) Сурет ілінді.
7) Нұрай таранды.
8) Әлижан жазды.

**11.** Құрамы жағынан дара үстеуді көрсетіңіз.
1) Жаздыгүні.
2) Таңертең.
3) Ала жаздай.
4) Ендігәрі.
5) Соншалық.
6) Қолма-қол.
7) Кешірек.
8) Кешке дейін.

**12.** Бейнелеуіш сөз қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Ашу қысқан Жәнібек қалш-қалш етеді.
2) Алыстан машинаның гүрілі естілді.
3) Дикторлың саңқылдаған даусы жағымды екен.
4) Қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті.
5) Ақбозат ауыздығын карш-карш шайнады.
6) Бөлме ішінде бір нәрсе тырс еткендей болды.
7) Балалардың у-шуы оған әсер ете қоймады.
8) Оқыс шыққан дыбыстан ол оянып кетті.

**13.** Қабыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
1) Қалың дәптер.
2) Елге оралды.
3) Анасын сағынды.
4) Әжемнің ұршығы.
5) Жайлауға көшті.
6) Бес ағаш.
7) Арбамен келді.
8) Айгүл- дәрігер.

**14.** Тура толықтауышы бар сөйлемді табыңыз.
1) Ағарып таң атты.
2) Бұл сәуір айы еді.
3) Ананды сыйлау – парызың.
4) Сабақ өте қызықты өтті.

5) Ауа райы салқындай түсті.
6) Іздеген жетер мұратқа.
7) Маған қойылым ұнады.
8) Суық жел үдей түсті.

**15.** Бұйрықты сөйлемді белгілеңіз.
1) Сен кеше келгенбісің?
2) Қонақтар ұзақ отырды.
3) Ешкімге ауыр сөз айтпа.
4) Кешікпей келуін өтінді.
5) Есік ашылып кетті.
6) Мектепке ерте келді.
7) Бұйрық толық орындалды.
8) Кешке қарай жаңбыр басылды.

**16.** Сөйлем түрлеріне ажыратыңыз. *Асау Ертіс арнасынан асып жатыр.*
1) Жақсыз сөйлем.
2) Жақты сөйлем.
3) Жайылма сөйлем.
4) Атаулы сөйлем.
5) Салалас сөйлем.
6) Толымсыз сөйлем.
7) Жай сөйлем.
8) Жалаң сөйлем.

**17.** Қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемді белгілеңіз.
1) Жиналған адам көп болса да, мәжіліске қатысқандары санаулы ғана.
2) Оның қорыққаны сонша - ақ құба өңінде жалғыз тамшы қан қалмапты.
3) Адамды еңбек асырар, жалқаулық құтын қашырар.
4) Ол бүгінгі кеште Мұқағали ақынның өлеңдерін шабыттанып оқыды.
5) Шөженің атына Абай қанық еді, бірақ көргені осы.
6) Есік тарс ашылғанда, отырғандар түгел жалт қарасты.
7) Шешесінің қалжыңына Абай да, Мәкіш те күлді.
8) Асқар ауылға кештетіп жеткеніне қарамастан, Кенжетайға жолығуға асықты.

**18.** Сөйлеуші тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданатын сөзді қалай атайды, көрсетіңіз.
1) Қыстырма сөз.
2) Оқшау сөз.
3) Бөгде сөз.
4) Жалпы сөз.
5) Күрделі сөз.
6) Қаратпа сөз.
7) Дара сөз.
8) Төл сөз.

**19.** *Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.*
1) Оның қорыққаны сонша – талдырмаш денесі қалтырап кетті.
2) Рахим мектепке келіп- достарына жаңалығын айтты.
3) Әлижан үйге келісімен, интернетпен жұмыс істейді.
4) Орман ішінен құстардың, әсем дауыстары естіледі.
5) Олар аулада көшеде жиі қыдырғанды ұнатады.
6) Есіл-Ертіс-Талас өзендері, біздің байлығымыз.
7) Өлеңді жаттап қана қою аз мағынасын түсіну керек.

**20.** XIV-XVI ғасырлардағы шешендерді белгілеңіз.
1) Асан қайғы.
2) Төле би.
3) Аяз би.
4) Жиренше.
5) Майқы би.
6) Сырым батыр.
7) Әйтеке би.
8) Қазыбек би.

## 3-нұсқа

**1**. Сөздің тура мағынада қолданылып тұрған қатарын көрсетіңіз.
1) Өткір көз.
2) Ыстық сезім.
3) Өткір пышақ.
4) Ыстық су.
5) Терең құдық.
6) Терең сезім.
7) Өткір сөз.
8) Ыстық ықылас.

**2**. Көнерген сөзді белгілеңіз.
1) Қоныш, ұлтан.
2) Лашық, уәзір.
3) Дарбаза, дәліз.
4) Қоңсы, леген.
5) Бұрғы, көрік.
6) Барымта, ұрын бару.
7) Сауын айту, сауыт.
8) Жүген, үзеңгі.

**3**. Қатаң дауыссыздар қатарын көрсетіңіз.
1) Б, В, Г.
2) Қ, Ғ, Г.
3) Т, Д, Ж.
4) Қ, К, Ц.
5) Ш, Щ, Ф.
6) А, Б, В.
7) М, Н, И.
8) П, Б, В.

**4**. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемдерді белгілеңіз.
1) Астана – көрікті қала.
2) Әли мен Нұрай келді.
3) Ертіс өзені терең.
4) Құстарға қамқорлық жаса.
5) Жақсы бала – анаға серік.
6) Ант – бұлжытпас заң.
7) Үлкен мақсатқа ұмтыл.
8) Ағаш көркі – жапырақ.

**5**. Екі сыңары да мағынасыз қос сөздерді табыңыз.
1) Жарқ-жұрқ, жүн- жұрқа.
2) Әке-шеше, ат-мат.
3) Сүт-мүт, үп-үлкен.

4) Айқай-шу, алыс-жақын.
5) Некен-саяқ, ығы-жығы.
6) Бақа-шаян, қалт-құлт.
7) Алқа-салқа, оқта-текте.
8) Арс-ұрс, қап-қара.

**6.** Тәуелденіп тұрған зат есімді белгілеңіз.
1) Ұстазым.
2) Ұстазбен.
3) Ұстазбын.
4) Ұстазы.
5) Ұстазсың.
6) Ұстаздың.
7) Ұстазға.
8) Ұстаздан.

**7.** Сапалық сын есімді тіркесті көрсетіңіз.
1) Орманды дала.
2) Қыратты жол.
3) Қысқа жіп.
4) Сулы жер.
5) Ақылды қыз.
6) Көгілдір бояу.
7) Егінді алқап.
8) Білімді жастар.

8. Топтау сан есімі қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Жүзге тарта адам жиналды.
2) Биыл Д.А.Қонаев 95 жасқа толды.
3) Автобусқа он-оннан бөлініп отырдық.
4) Алтынай төртінші сыныпта оқиды.
5) Сөз біреу, құлақ екеу.
6) Алматының тұрғыны миллионнан асты.
7) Ол алмасының жартысын досына берді.
8) Нұрай 2005 жылы Алматыда туды.

**9.** Күрделі есімдік қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Мен жұмысымды аяқтадым.
2) Ешқашан көп білемін деп айтпа.
3) Жиналысқа барлығы жиналыпты
4) Қайсар өз ісін жақсы біледі.
5) Кімді айтса, сол келеді.
6) Бірлеулер поезбен жүргенді ұнатады.
7) Кең көшемен машиналар зулап жатыр.
8) Оқжетпес – еліміздің ең көрікті жері.

**10.** Көсемшелі тіркесті көрсетіңіз.
1) Баратын еді.
2) Сөйлеп отыр.
3) Жылдам сөйледі.
4) Отырған жері.
5) Келмекші еді.
6) Жақсы пікір.
7) Жаза бастады.
8) Айтар ойлар.

**11.** Туынды үстеуді белгілеңіз.
1) Тез жүрді.
2) Кеш келді.
3) Қыстай оқыды.
4) Бұрын шықты.
5) Ақырын айтты.
6) Жоғары қарады.
7) Жылдам сөйледі.
8) Төмен ұшты.

**12.** Жалғаулық шылауы бар сөйлемді белгілеңіз.
1) Нұрай әжесінің ертегісін көп тыңдайтын.
2) Биыл көктем ерте шықты.
3) Ауа-райы күрт өзгеріп сала берді.
4) Әлижан мен Рахим Астанаға келді.
5) Сәкенге жұмыс істеу әрі оқу қиынға түсті.
6) Ол спортқа деген құлшыныс танытып жүр.
7) Айым ән айтады және домбыра тарта біледі.
8) Түні бойы жауған жаңбыр таңға жуық басылды.

**13.** Матаса байланысқан тіркесті табыңыз.
1) Орманға барды.
2) Кешегі оқиға.
3) Үп – үлкен тас.
4) Еліктің лағы.
5) Ертіске шомылды.
6) Ақын өлеңдері.
7) Біздің үй.
8) Астананы аралады.

**14.** Тек тұрлаулы мүшелер қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Үй іші жылына бастады.
2) Қар қалың жауыпты.
3) Қонақтар көп жиналыпты.
4) Ауыл маңы тып-тыныш.

5) Көшеге қарай бұрылды.
6) Әлижан тез жүгірді.
7) Алыстан гүріл естілді.
8) Түн ұйқысын төрт бөлді.

**15.** Мекен пысықтауыштың сұрағын белгілеңіз.
1) Қайда?
2) Кімде?
3) Қашан?
4) Қалай?
5) Қайтіп?
6) Не үшін?
7) Қандай?
8) Неге?

**16.** Жайылма сөйлемді көрсетіңіз.
1) Ауа райы салқындады.
2) Дала құлпырып тұр.
3) Ағаш бүршік атты.
4) Жаңбыр сіркіреп жауды.
5) Жаңбыр жауып тұр.
6) Арал теңізі тасыды.
7) Астана қаласы гүлденді.
8) Оқушылар келе жатыр.

**17.** Сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.
1) Есік тарс ашылғанда, отырғандар түгел жалт қарады.
2) Күзетші оған телміріп ұзақ қарады.
3) Шөженің атына Абай қанық еді, бірақ көргені осы.
4) Кешке қарай ауа райы бұзыла бастады.
5) Қол бастау оңай, сөз бастау қиын.
6) Жиналған адам көп болса да, мәжіліске қатысқандары санаулы ғана.
7) Бүгінгі кешке жастар көп жиналыпты, көңілдері де көтеріңкі көрінеді.
8) Күңкенің аулына Абай келісімен, Құнанбай оны Құлыншақ аулына жұмсады.

**18.** Қаратпа сөзге тән белгіні көрсетіңіз.
1) Баяндауышпен байланысады.
2) Септеледі.
3) Сөйлем мүшесі бола алады.
4) Анықтауышпен байланысады.
5) Атау тұлғада тұрады.
6) Сызықша қойылады.
7) Түрленеді.
8) Бастауыш бола алады.

**19.** Қос нүкте қойылатын жағдайларды белгілеңіз.
1) Қыстырма сөзге.
2) Қарапта сөзге.

3) Түсіндірмелі салаласқа.
4) Төл сөзге.
5) Аралас құрмаласқа.
6) Талғаулы салаласқа.
7) Кезектес салаласқа.
8) Айқындауышқа.

**20.** Жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздарын белгілеңіз.
1) Бұйрық.
2) Хаттама.
3) Түсініктеме.
4) Анықтама.
5) Келісімшарт.
6) Кепілдеме.
7) Өтініш.
8) Мәжілісхат.

# 4-нұсқа

**1.** Тұрақты тіркестерді белгілеңіз.
1) Бетін қолымен сипады.
2) Бетіне тура қарады.
3) Беті бүлк етпеді.
4) Бетін орамалмен сүртті.
5) Бетіне мұз қатты.
6) Беті бері қарады.
7) Беті жазық екен.
8) Бетінен оты шықты.

**2.** Көнерген сөз қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Қауынның әңгелек, торлама деген түрлері бар.
2) Ауыздықпен ойнаған тұлпарлар көрінді.
3) Жауынгерлердің басына кіреукелі томағап кигізеді.
4) Астанадағы әуежай өте әдемі екен.
5) Ол көпшікке жантайлап жата кетті.
6) Қамшы қару ретінде барымтада пайдаланған.
7) Ер қаруы – бес қару.
8) Оның қызметі – сатушы мен алушыны мәмлеге келтіру.

**3.** Сөздің барлық буынында жазылатын дыбыстарды көрсетіңіз.
1) А.
2) Ә.
3) Ы.
4) О.
5) Ө.
6) Ү.
7) Ұ.
8) Е.

**4.** Тұйық буын кездесетін сөйлемді табыңыз.
1) Қызының аты – Айгүл.
2) Жусан исі – тамаша.
3) Шөпшілер кеш келді.
4) Жалқаулыққа салынба.
5) Қарақұм – байлық қоймасы.
6) Көл балыққа бай.
7) Қайың – әдемі ағаш.
8) Сөз тапқанға қолқа жоқ.

**5.** Жаңа сөздердің жасалу жолдарын белгілеңіз.
1) Сөздердің қосарлануы арқылы.
2) Шылау арқылы.

3) Синонимдер арқылы.
4) Екпін түсіру арқылы.
5) Сөздердің бірігуі арқылы.
6) Сөздерді өзгерту арқылы.
7) Жалғау арқылы.
8) Жұрнақ арқылы.

**6.** Дерексіз зат есім қатарын белгілеңіз.
1) Мектеп, қала.
2) Ауыл, дәптер.
3) Қобыз, сырнай.
4) Бұрғы, таға.
5) Қол, құлақ.
6) Тарихи, әдеби.
7) Түйе, ешкі.
8) Қуаныш, ақыл.

**7.** Қатыстық сын есім қатысқан тіркесті белгілеңіз.
1) Еріншек бала.
2) Жасыл орман.
3) Көгілдір аспан.
4) Қоңырқай дала.
5) Жігерлі жігіт.
6) Үп-үлкен тас.
7) Жақсы жағдай.
8) Ұзындау жіп.

**8.** Сан есімнің сөйлемдегі қызметін атаңыз.
*Отыз оқушының жетеуі ғана футбол ойнады.*
1) Бастауыш, баяндауыш.
2) Бастауыш, анықтауыш.
3) Баяндауыш, толықтауыш.
4) Толықтауыш, анықтауыш.
5) Толықтауыш, бастауыш.
6) Пысықтауыш, бастауыш.
7) Пысықтауыш, толықтауыш.
8) Күрделі баяндауыш.

**9.** Толықтауышы есімдіктен болған сөйлемді табыңыз.
1) Өмірде саған қарыздармын, анашым.
2) Бұл сұраққа жауап таба алмады.
3) Өлеңдерімді сенің қолыңа тапсырамын.
4) Менің атам зейнеткерлікке шықты.
5) Әкем ауылдан ешқайда ұзап шықпайды.
6) Өзіңмен өткізген күндерімді сағындым.

7) Ол әрқашан досына көмектеседі.
8) Бірнеше күн жаңбыр жауап тұр.

**10.** Зат есімнен болған туынды етістік қатарын белгілеңіз.
1) Тазала, жуын.
2) Ойна, түне.
3) Молай, азай.
4) Ағар, қысқар.
5) Кешік, бірік.
6) Көбей, қарай.
7) Шегеле, тісте.
8) Алдыр, жатқыз.

**11.** Мекен үстеу қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Саяхатшылар ілгері жылжыды.
2) Олар жылдам жүрді.
3) Қараңғылық ерте түсті.
4) Аттылар жан-жаққа шаба жөнелді.
5) Алыстан ауылдың шеті көрінді.
6) Басты байлық – денсаулық.
7) Жолаушылар көлікті ұзақ күтті.
8) Биыл қыс суық болды.

**12.** Септеулік шылау қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Ылғи ынтығып тыңдайды.
2) Жиынға жүзге тарта адам жиналыпты.
3) Ақын жайында көп деректер оқыдым.
4) Кеште ән де, күй де орындалады.
5) Пікірсайысқа ауыл жастары да қатысты.
6) Еңбек пен білім – ажырамас ұғым.
7) Нұрай әжесімен бірге Астанаға кетті.
8) Рахым футбол ойнауды ғана ұнатады.

**13.** Жанаса байланысқан тіркесті белгілеңіз.
1) Кешірек келді.
2) Балаша қуанды.
3) Жуан бөрене.
4) Гүлдің сабағы.
5) Он екі жылқы.
6) Дәмді тағам.
7) Биыл келді.
8) Гүл сыйлады.

**14.** Үйірлі анықтауыш қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Аяжан суретті қызыл бояумен салды.

2) Оның жаңалыққа жаны құмар.
3) Талабы бар жігіт жерде қалмайды.
4) Осы – менің туған өлкем.
5) Жеті жұрттың тілін біл.
6) Мөлдір бұлақтан су ішті.
7) Жақсы сөз жараны да жазады.
8) Жаман достан таяғым артық.

**15.** Бірыңғай толықтауыштар қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Нұрай сөмкесіне дәптерін, қаламын салды.
2) Нұржауар мен Айерке ауылға кетті.
3) Үлкенге де, кішіге де сыйлы бол.
4) Қала да, дала да гүлге оранған.
5) Торғай ұшады, қонады.
6) Тас үй салқын да жайлы.
7) Әлижанның арманы көп.
8) Ананың аялы алақаны жылы.

**16.** Жақсыз сөйлемді көрсетіңіз.
1) Менің Астанада оқығым келеді.
2) Суретті түрлі бояумен салды.
3) Талапты ерге нұр жауар.
4) Қыс азығын жаз жина.
5) Аға алдында пейіліңді көрсет.
6) Іні алдында мейіріңді көрсет.
7) Әділдік түбінде жеңеді.
8) Айлакер батыр алдырмас.

**17.** Ыңғайлас салаластың жалғаулықтарын көрсетіңіз.
1) Кейде, біресе.
2) Да, де, та, те.
3) Және, әрі.
4) Бірде, біресе.
5) Не, немесе.
6) Дегенмен, сонда да.
7) Тәрізді, сияқты.
8) Үшін, арқылы.

**18.** Төлеу сөзді көрсетіңіз.
1) Оқушы сұраққа толық жауап берді.
2) Қызықты сұрақтар көп болды.
3) Сұрақтардың көп екендігін айтты.
4) Оқушының жауабын тыңдады.
5) Сенбілікке түгел шақырылды.
6) Сенбілік болатындығын ескертті.

7) Сенбілік – еңбек мерекесі.
8) Сенбілікте көп ағаш отырғыздық.

**19.** Дұрыс жазылған нұсқасын көрсетіңіз.
1) Т «дыбысы» - қатаң дауыссыз дыбыс.
2) Т «дыбысы» қатаң дауыссыз дыбыс.
3) «Т дыбысы» - қатаң дауыссыз дыбыс.
4) «Т дыбысы» қатаң дауыссыз дыбыс.
5) «Т дыбысы қатаң» дауыссыз дыбыс.
6) «Т» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс.
7) Т дыбысы «қатаң» дауыссыз дыбыс.
8) «Т» дыбысы қатаң «дауыссыз» дыбыс.

**20.** Ауызекі сөйлеу стиліне тән белгіні көрсетіңіз.
1) Жай сөйлемдерден құралады.
2) Сұраулы сөйлемдер жиі қолданылады.
3) Бұйрықты сөйлемдер жиі қолданылады.
4) Құрмалас сөйлемдер көп қолданылады.
5) Ойды дәл, нақты жеткізеді.
6) Терминдер жиі кездеседі.
7) Бейнелі, теңеу сөздер көп қолданылады.
8) Жақты сөйлемдер көп қолданылады.

## 5-нұсқа

**1.** Омонимдер қатарын көрсетіңіз.
1) Кір, шық, мол.
2) Ой, сөз, жоқ.
3) Көр, шөп, кел.
4) Тіл, зат, жеке.
5) Өмір, пайда, ел.
6) Сау, кеш, түс.
7) Бақ, жүз, жаз.
8) Жер, жаса, бес.

**2.** Кірме сөздерді белгілеңіз.
1) Өзен, құжат.
2) Жарлық, аймақ.
3) Жасау, шоқпар.
4) Жазушы, ақын.
5) Суретші, дүкен.
6) Көпшік, көрпе.
7) Батыр, ерлік.
8) Емтихан, тәрбие.

**3.** Тек езулік дауыстылардан тұрған сөздер қатарын белгілеңіз.
1) Орамал, әйнек.
2) Астана, Ақтөбе.
3) Әкетай, інішек.
4) Ертіс, Есіл.
5) Алтай, Ұлытау.
6) Терезе, үйшік.
7) Өрмекші, балық.
8) Айбол, Айгүл.

**4.** Ашық буыннан ғана тұрған сөйлемді табыңыз.
1) Рахым - белсенді оқушы.
2) Оқушылар сенбілікке шықты.
3) Талас өзені балыққа бай
4) Алтынайдың әңгімесі ұнады.
5) Оқушы терезені жуды.
6) Сыпайы сырын сақтайды.
7) Анасы баласына қарады
8) Қала көшелері таза.

**5.** Әдеп-ғұрыпқа байланысты біріккен сөздерді белгілеңіз
1) Соқыртеке, ақсүйек.
2) Жарысқазан, беташар.

3) Түйеқұс, алтыбақан.
4) Ешқашан, ешқайда.
5) Шаңсорғыш, ешкім.
6) Жанкүйер, доптаяқ.
7) Қарақұс, тасбақа.
8) Итмұрын, жусан.

**6.** Табыс септігінде тұрған сөздер қатарын белгілеңіз.
1) Бесігімді
2) Жетеледі
3) Жерінде
4) Жазылды
5) Сыйынды
6) Сыйғызды
7) Айтқызды
8) Жеріңді

**7.** Туынды сын есім қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Өнерлі жігіт өрге жүзеді.
2) Аспанды ала бұлт торлады.
3) Үлкенге құрмет, кішіге ізет.
4) Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат.
5) Астанада биік үйлер көбейіп келеді.
6) Мектептің іші таза, жарық.
7) Ағаштар бүршік ата бастады.
8) Биыл көктем ерте келді.

**8.** Сан есімнің сөйлемдегі қызметін анықтаңыз: *Біз екі-екіден бөліндік.*
1) Бастауыш.
2) Айқындауыш.
3) Анықтауыш.
4) Пысықтауыш.
5) Толықтауыш.
6) Баяндауыш.
7) Тура толықтауыш.
8) Жанама толықтауыш.

**9.** Септеліп тұрған есімдікті көрсетіңіз.
1) Сенсің.
2) Саған.
3) Осым.
4) Менмін.
5) Біздің.
6) Мынаны.
7) Солары.
8) Кішім.

**10.** Ырықсыз етіс қатысқан тіркесті көрсетіңіз.
1) Салық төленді.
2) Егін отырғызды.
3) Егін орылды.
4) Қар күресті.
5) Сабақ оқытты.
6) Рахым жуынды.
7) Тазалап жуды.
8) Тақтай шегеленді.

**11.** Бастауышы үстеуден болған сөйлемді табыңыз.
1) Кеме ақырын жылжып келеді.
2) Еріншектің ертеңі бітпес.
3) Биыл егін науқаны ерте бітті.
4) Бүгін – мереке.
5) Бүгін әжем ауылдан келеді.
6) Ол досын әдейі іздеді.
7) Жаңбыр толассыз жауап тұр.
8) Мерекеге жақсы дайындық жүріп жатыр.

**12.** Бейнелеуіш қатысқан сөйлемді көрсетіңіз.
1) Ол тарс-тұрс дыбысқа бұрылды.
2) Оны ыза мен ашу қысып қалш-қалш етеді.
3) Орынсыз қарқылдап күлу- мәдениетсіздік.
4) Ағаш басында отырған мысық жерге топ ете түсті.
5) Көктемде қиқулап құстар келе бастайды.
6) Бәйгеге түсетін аттарды баптап жүр.
7) Бұны көргенде қыздың көзі жарқ етті.
8) Алыстан дүрсілдеген пойыздың даусы естіледі.

**13.** Матаса байланысқан тіркесті белгілеңіз.
1) Ұстазға еліктеу.
2) Ұстазын құрметтеу.
3) Ұстаз мейірімі.
4) Ұстазы келді.
5) Ұстаз-педагог.
6) Ұстаздың ақылы.
7) Ұстаздан үйрену.
8) Ұстаз-мұғалім.

**14.** Бастауышқа тән сұрақтарды белгілеңіз.
1) Кіммін?
2) Кімің?
3) Кімге?
4) Кімсің?

5) Кімі?
6) Кім?
7) Кімнен?
8) Кімді?

**15.** Жалпылауыш сөз қатысқан сөйлемді табыңыз.
1) Менің сүйікті ақыным – Мұқағали.
2) Нұржауардың арманы – дәрігер болу
3) Барлық оқушы сенбілікке келді.
4) Астана, Алматы, Ақтау – барлығы әдемі қалалар.
5) Астана – әлемге танылған қала.
6) Ананың ақ тілегі – баласының амандығы.
7) Рахым, Айым, Айерке – үшеуі бір сыныпта оқиды.
8) Алматы- Астана тас жолы салынып жатыр.

**16.** Жақсыз сөйлемді көрсетіңіз.
1) Адал азамат болуды армандайды.
2) Мінезі жақсы төрге озар.
3) Тайға таңба басқандай.
4) Жаңбыр бірнеше күн жауды.
5) Нұрайдың ауылға барғысы келеді.
6) Үй ішінде тыныштық орнады.
7) Кенен ақынның мұражайы ашылды.
8) Әкесін далада ұзақ күтті.

**17.** Құрмаластың түрін анықтаңыз.
*Қасында бөтен адам болғандықтан, Жомарт көп еш нәрсе айта алмады.*
1) Салалас, себеп-салдар.
2) Сабақтас, шартты бағыныңқы.
3) Салалас, ыңғайлас.
4) Сабақтас, мезгіл бағыныңқы.
5) Сабақтас, қарсылықты.
6) Сабақтас, мақсат бағыныңқы.
7) Сабақтас, себеп бағыныңқы.
8) Салалас, түсіндірмелі.

**18.** Қыстырма сөзге тән белгіні көрсетіңіз.
1) Сөйлем мүшесі бола алады.
2) Бастауышпен байланысады.
3) Сызықша қойылады.
4) Үтірмен ажыратылады.
5) Сөйлем мүшесі бола алмайды.
6) Түрленеді, жіктеледі.
7) Септеледі, көптеледі.
8) Нүктелі үтір қойылады.

**19**. Дефис қойылатын қатарды белгілеңіз.
1) Жалпылауыш сөзге.
2) Қос сөздерге.
3) Төл сөздерге.
4) Демеулік шылауға.
5) Септеулік шылауға.
6) Қарсылықты салаласқа.
7) Бастауыштан кейін.
8) Қыстырма сөзге.

**20**. Ресми құжаттар стилінің қолданылатын орнын белгілеңіз.
1) Ғылыми баяндамаларда.
2) Поэзиялық кештерде.
3) Драмалық шығармаларда.
4) Әдеби сазды кештерде.
5) Реферат жазуда.
6) Түрлі ойын-сауық кештерде.
7) Кеңсе құжаттарында.
8) Аударма жұмыстарында.

**Бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларының жауап кілттері**

| Нұсқалар / Сұрақ № | 1-нұсқа | 2-нұсқа | 3-нұсқа | 4-нұсқа | 5-нұсқа |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 4, 7, 8. | 1, 4, 5 | 3, 4, 5 | 3, 6, 8 | 1, 6, 7 |
| 2. | 3 | 2, 6 | 2, 6, 7 | 3, 6 | 2, 8 |
| 3. | 4, 7, 8 | 1, 6, 8 | 4, 5 | 1, 3, 8 | 3, 4 |
| 4. | 1, 6, 7 | 3, 5, 6 | 2, 6, 8 | 1 | 5, 7, 8 |
| 5. | 4, 7 | 3, 6 | 5, 7 | 1, 5, 8 | 2 |
| 6. | 3, 4 | 1, 4 | 1, 4 | 6, 8 | 1, 5, 8 |
| 7. | 2, 5, 6 | 1 | 6, 3 | 1, 5 | 1 |
| 8. | 4, 5 | 2, 3, 8 | 3 | 2 | 4 |
| 9. | 2, 4, 7 | 4 | 2 | 1, 6 | 2, 5, 6 |
| 10. | 2 | 1, 5, 6 | 2, 7 | 2, 7 | 1, 3, 8 |
| 11. | 1, 7 | 5, 7 | 3 | 1, 4, 5 | 2, 4 |
| 12. | 2, 5, 7 | 1 | 4, 5, 7 | 2, 3, 7 | 2, 7 |
| 13. | 3, 7 | 1, 6 | 4, 6, 7 | 1, 2, 7 | 3, 6 |
| 14. | 1 | 3 | 1, 4 | 3 | 2, 5, 6 |
| 15. | 3, 6 | 3 | 1 | 1,3 | 4, 7 |
| 16. | 1 | 2, 3, 7 | 4 | 1 | 5 |
| 17. | 5 | 1, 8 | 1, 6, 8 | 2, 3 | 7 |
| 18. | 3, 5 | 6 | 5 | 3, 6 | 4, 5 |
| 19. | 3 | 1, 3 | 3, 4 | 6 | 2, 4 |
| 20. | 5, 7 | 1, 4 | 3, 7 | 2 | 7 |

**Қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік құрал.** /Астана: «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» РМҚК, 2008 – 116 б.

Жауапты редактор Нұрмұханова Г.Е.

Компьютерде беттеу Токсынбаев А.

Басуға 21.01.08 ж. қол қойылды. Пішімі 60х84/16.

Әріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа парағы 7,25.

Таралымы 13609 дана. Тапсырыс № 110